

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ**

Ергешбай Нұрайша Бақытжанқызы

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша
(ғылыми-педагогикалық бағыт)
магистр дәрежесін алу үшін жазылған диссертация**

Астана, 2026 ж.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ

Қорғауға жіберілді:
Филология факультеті
(факультет атауы)
Декан С.М. Дүйсенғазы
(Т.А.Ә.)

(қолы)
« ____ » _____ ж.

Магистрлік диссертация

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢАША
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

БББ: 7М01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті»
(ғылыми-педагогикалық бағыт)

Магистрант	_____	Ергешбай Н.Б.
	(қолы)	
Ғылыми жетекші, ф.ғ.к., доцент м.а.	_____	Шоқабаета С.С.
	(қолы)	
Кафедра меңгерушісі	_____	Бибекта Қ.Т.
	(қолы)	

Астана, 2026 ж.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
1 Ұлттық құндылықтарды оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері	8
1.1 «Ұлттық құндылықтар» ұғымының педагогикадағы ғылыми негіздері.....	
1.2 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы заманауи білім беру талаптары мен оқу мазмұнына кіріктірудің кезеңдері.....	18
2 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңа технологиялардың ғылыми негіздері	22
2.1 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңаша педагогикалық технологиялардың жіктелуі және олардың тиімділігін анықтау	
2.2 Ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын инновациялық әдістер	38
2.3 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңаша технологияларды тәжірибелік-эксперименттік қолдану	48
Қорытынды	59
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	61
Қосымша	64

Кіріспе

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қоғамның үздіксіз әрі жедел дамуы, әлеуметтік-мәдени өзгерістер, дүниежүзіне ортақ жаһандану үдерісі, сонымен қатар білім беру жүйесінің цифрлық трансформациясы кез келген ұлт алдына өз ұлттық құндылықтарын сақтау мен оны өсіп келе жатқан ұрпақ бойына сіңіру бойынша жан-жақты жұмыс атқаруды міндеттеп отыр. Бір ғасыр бұрын әлем индустрияландыру үрдісінен өтсе, дәл қазір ақпараттандыру ғасырын бастап кешіп жатыр. Бірінші аталған процесс нәтижесі өндіріліп шығарылған өнім болған болса, кейінгі ғасыр, яғни ақпараттандыру үрдісінің құндылығы – таратылған ақпараттың маңыздылығы мен таралу көлемі болып отыр. Яғни қандай да ақпарат болмасын, сол ақпаратты өз халқына бағыттап, қажеттілігіне жұмсаған, теріс ақпарат пен болуы мүмкін мәдени ақпараттық шабуылдардан халқы мен оның санасын қорғай алған мемлекет қана ақпараттандыру үрдісі мен жаһандану үдерісінен ұлттық ерекшеліктері мен құндылықтарын сақтап шыға алады. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін ұлттық құндылықтарды дәстүрлі оқыту мазмұнын жаңартуымыз міндет. Ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісін реформалау үшін білім беру кеңістігі мен жалпы білім беру саласындағы ақпараттық коммуникациялық технологиялардың, инновациялық оқыту әдістерін кеңінен қолдану тәжірибесін тиімді пайдалану үлкен маңызға ие.

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихын, мәдениетін, рухани мұрасын, тілі мен әдебиетін, салт-дәстүрін мен әдеп-ғұрпын қамтитын қасиетті ұғым. Келешек ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырып, отансүйгіш етіп тәрбиелеуде ұлттық құндылықтарды оқыту жүйесі үлкен рөл ойнайды. Алайда бүгінде мәдени мұраларымызды бұрыннан қалыптасып кеткен оқу бағдарламасы мен әдіс-тәсілдер арқылы оқыта алмаймыз, себебі қазіргі оқушылар мен білім алушылардың берілген теориялық білімді қабылдап, өз бетінше жүйелеу дағдылары, қызығушылықтары мен бірнәрсеге көңіл бөліп, тыңдау мен түсінуі заманымыздың ерекшеліктеріне қарай өзгеріске ұшыраған.

Бүгінгі таңда білім беру орындары мен білім беру мазмұнында ұлттық құндылықтарды оқыту үшін түрлі цифрлық ресурстар, мультимедиялық құралдар мен геймификация элементтері қолданып келеді. Бірақ көрсетілген ұлттық құндылықтарды оқыту формалары мен әдіс-тәсілдердің жүйелі әрі тұрақты пайдаланылмағандықтан оқыту үдерісі бірізді жолға түспей отыр. Яғни ұлттық мазмұн мен цифрлық технологиялардың бірге қолданылуы әдістемелік тұрғыдан негізделіп, бөлшек емес, бір бүтін форма ретінде оқытқанда ғана жетістікке жетеміз.

Жоғарыда көрсетілген себептерге байланысты ұлттық құндылықтарды оқытудың жаңаша технологияларын педагогикалық және әдістемелік тұрғыдан зерделеп, олардың тиімділігін зерттей отырып, топтау және білім беру үдерісіне енгізудің ғылыми-әдістемелік жолдарын жасау және ұсыну бүгінгі әдістеме саласының негізгі де өзекті бағыттарының бірі болып отыр.

Зерттеу нысаны мен пәні. Зерттеу нысаны – білім беру жүйесіндегі ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұны мен әдістемелік ерекшеліктері. Зерттеу

пәні – ұлттық құндылықтарды оқытудың жаңаша технологиялары және оларды білім беру мен оқыту үдерісінде қолданудың әдістемелік ерекшеліктері.

Зерттеу мақсаты мен міндеттері. Зерттеудің мақсаты – ұлттық құндылықтарды оқытудың жаңаша технологияларын ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу, аталған технологиялардың білім беру үдерісіндегі тиімділігін зерттеп, айқындау және іс жүзінде оқу мазмұнында қолдануға арналған әдістемелік шешімдерді ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

1. Ұлттық құндылықтар ұғымы мен оның мазмұнын педагогикалық, философиялық және әдістемелік тұрғыдан талдау;

2. Ұлттық құндылықтарды оқытудың дәстүрлі мазмұны мен заманауи оқыту ерекшеліктерін педагогикалық-әдістемелік тұрғыдан салыстыра отырып, зерттеу;

3. Ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын жаңаша технологиялар түрлерін анықтау және оларды жүйелеу;

4. Ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологиялардың қолданылуын маңызы мен рөлін, мүмкіндіктері мен болашағын айқындау;

5. Ұлттық құндылықтарды оқытуда пайдаланылатын жаңаша технологиялар мен әдіс-тәсілдерді тәжірибе жүзінде тексеру, тиімділігін анықтау.

6. Зерттеу нәтижелерінің негізінде ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнын жетілдіруге бағытталған әдістемелік ұсынымдарды әзірлеп шығу.

Зерттеу болжамы. Егер ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісінде жаңаша технологияларды, оның ішінде, интереактивті әдістер, цифрлық ресурстар, мультимедиялық құралдар мен геймификация элементтері жүйелі әрі мақсатты түрде қолданылып, ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұны бірізді жүйеге айналса, білім алушылардың ұлттық құндылықтар мен оларды оқып, зерттеу, танып, дәріптеудің маңызы туралы білім деңгейлері артып, оған деген қызығушылығы артып, ұлттық сана-сезімі мен рухани адамгершілік қасиеттері оянып, қалыптаса бастайды. Себебі заманауи әрі жаңаша технологиялар ұлттық құндылықтарды оқытудың мазмұны мен әдістемелік формасын жаңартып, білім беру үдерісінің тиімділігі мен нәтижелілігін арттырады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу нәтижесінде зерттеу нысанына қатысты мынандай мәселелер ғылыми шешімін табады:

- ұлттық құндылықтарды жаңаша технологиялар арқылы оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері бір жүйеге келтіріліп, олардың білім беру үдерісіндегі педагогикалық маңызы айқындалады;

- ұлттық құндылықтар мен ерекшеліктерді оқытуда қолданылатын жаңаша технологиялар мен педагогикалық әдістердің құрылымы мен мазмұны жинақталады;

- ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолданудың әдістемелік моделі ұсынылады;

- тәжірибелік-эксперименттік жұмыс барысында ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын жаңаша технологиялардың білім алушылардың танымдық белсенділігі мен ұлттық сана-сезімін қалыптастыру және оятудағы тиімділігін дәлелденеді.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмысының барысында типологиялық, салыстыру, жіктеу, жинақтау, статистикалық әдістер пайдаланылды.

Зерттеудің теориялық маңызы. Зерттеудің теориялық маңызы ұлттық құндылықтарды оқытудың педагогикалық негіздерін ғылыми тұрғыда жүйелеп, жіктеумен айқындалады. Зерттеу барысында ұлттық құндылықтар түсінігі қарастырылып, оларды оқытуда жаңаша технологияларды қолданудың теориялық тұжырымдамасы мен практикалық негізі анықталды. Зерттеу жұмысының нәтижесінде алынған ақпарат әдістеме саласындағы ұлттық сана-сезім, ұлттық рух, жас ұрпақ тәрбиесі және аталған тақырыптарды инновациялық технологиялар арқылы оқыту мәселелеріне қатысты ғылыми қорды толықтыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің ғылыми және практикалық маңызы. Зерттеу жұмысымыздың өзектілігі жайлы жазылған бөлімде атап өткеніміздей, қазір біз ақпарат майданындамыз. Аталған ақпараттандыру ғасырында өз ұлттық ерекшелігімізді сақтап, құндылықтарымызды дәріптеп, дәл сол құндылықтарды келер ұрпаққа аманаттау үшін ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісін біріздендіріп, оқыту мазмұнына қойылатын заманауи талаптарға бейімдеуіміз маңызды. Осылайша, бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық құндылықтарымызды оқытуда заманауи технологияларды қолдану қажеттілігі туындайды. Сонымен, зерттеудің ғылыми маңызы ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологиялардың қолданылуының теориялық негіздерін анықтап, практикалық әдіс-тәсілдердің айқындалуымен сипатталады. Зерттеу барысында ұлттық құндылықтарды оқыту ұғымының мазмұны нақтыланып, оларды оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялардың жүйесі ұсынылады. Сонымен қатар ұсынылған зерттеу жұмысының нәтижелері ұлттық құндылықтарды оқыту мәселесін педагогикалық-әдістемелік тұрғыдан тереңірек зерттеп, зерделеуге және осы бағыттағы ғылыми жұмыстар мен тұжырымдарды толықтыруға мүмкіндік береді.

Зерттеудің практикалық маңызы зерттеу жұмысының нәтижелерін білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие жұмысы үрдісінде, атап айтқанда ұлттық құндылықтарды оқыту барысында қолдану мүмкіндігімен айқындалады. Ұсынылған әдістемелік ұсыныстар мен оқыту технологиялары мұғалімдер мен оқытушылардың жұмыс тәжірибесінде пайдаланып, өткізілетін сабақтардың мазмұнын байытуға ғана емес, білім алушылардың ұлттық құндылықтарды оқу мен тануға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен бірге зерттеу жұмысының материалдарын педагог кадрларды даярлау мен қайта даярлау курстарының оқу мазмұнында, арнайы пәндерде, элективті курстар мен әдістемелік құралдар әзірлеуде қолдануға болады.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, екі тараудан, қорытынды мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі және қосымшадан тұрады.

1 Ұлттық құндылықтарды оқытудың теориялық-әдіснамалық негіздері

1.1 «Ұлттық құндылықтар» ұғымының педагогикадағы ғылыми негіздері

Ұлттық құндылықтарды оқыту мәселесі еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан бастап қозғалып келе жатқан тақырып. Әрине, тәуелсіздік алғашқы жылдарында ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнына қойылған әдістемелік талаптар мен практикалық жұмыстар бүгінгі әдістеме саласынындағы негізгі критерийлерден алшақта жатыр. Бұл мәселенің маңызы мен қажеттілігін талдағанда «Ұлттық құндылықтар: кеше және бүгін...» мақаласындағы мына пікір ойға оралады: «сондықтан да «жаңа дегеніміз – тоны айналдыра өзгертілген ескі» деген қағидаға негіздей отырып, бүгінге дейін қолданылып келген дәстүрлі құндылықтарға заманауи сандық-ақпараттық жүйе арқылы лайықты трансформациялауды жүргізуіміз қажет» [1]. Алайда дәл осы кезеңдерде ұлттық құндылықтарды оқытудың теориялық және әдіснамалық негізі қалыптасқан болатын. Сөзімізге мысал ретінде, 1995 жылы Алматы қаласында жарияланған «Халық педагогикасының негіздері» монографиясының авторы С. Ғаббасовтың жітемесін келтіре аламыз. Ол өз еңбегінде ұлттық рухымыз бен құндылықтарымызды білім беру, оқыту жүйесіне енгізуді жеке ғылым саласы ретінде қарап, оны «халық педагогикасы» деп атай отырып, оның ішінде этнопедагогиканы аталған ғылым саланың бір бөлігі ретінде қарастырған. Сонымен қатар бұл жіктеуін «халық педагогикасы дегеніміз адамның жандүниесін тәрбиелейтін ілім, ал этнопедагогика – адамның тән-құрылысының дұрыс жетілуіне әсер етеді» [2, 5] деп түсіндірген. Яғни теориялық тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтар – белгілі бір қоғамның тарихи тәжірибесі мен рухани мұрасының көрінісі. Ал әдістемелік не педагогикалық тұрғыда ұлттық құндылықтар білім алушылардың дүниетанымын, мінез-құлқын, ұлттық сана-сезімін, азаматтық ойын мен позициясын қалыптастыруға тікелей ықпал ететін тәрбиелік рөл мен күшке ие категория. Жалпы ұлттық құндылықтарды оқыту, оның ішінде жаңаша технологиялар арқылы оқыту мәселесі әдістемелік тұрғыдан әлі де бір жолға қойылмай келе жатқаны рас. Қазіргі уақытта ұлттық құндылықтарды оқыту мәселесі әзірге тек теориялық әдіс арқылы жүргізіліп келеді. Яғни бұл бағыттағы жұмыстар ұлттық құндылықтарды оқыту саласының жалпы мазмұнын байытып, оны оқыту, таныту, түсіндірудің жаңа әдіс-тәсілдерін сынақтан өткізіп, бұл сала туралы жалпы теорияға сүйене отырып қана жүргізіліп келеді. Оған қоса ұлттық құндылықтарды оқыту тәжірибесі осы бағыттағы зерттеулерді өз жұмысына енгізіп, теориялық тәжірибелерді практика жүзінде іске асырып, нәтижесін талдау, осы салада ғылыми зерттеулер ұлттық құндылықтарды оқыту әдістемесіндегі теориялық ұстанымдарды, ережелерді, қағидалар мен жаңашылдықтарды жүйелеп, аталған саланың ары қарайғы дамуына әсер етеді.

Алайда кез келген ғылым саласының эмпирикалық деректер арқылы ғана толысып, дамитынын есте ұстар болсақ, ұлттық құндылықтарды оқыту саласының да жолын эмпирикалық зерттеулер бағытына қарай бұруымыз қажет. Жалпы алар болсақ, ұлттық құндылықтар қатарына ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тілі мен ділі секілді ұғымдар жатады (1-сурет).



1-сурет – Ұлттық құндылықтардың жіктелуі

Бұл құндылықтар білім беру мазмұнына жүйелі, бірізді түрде енгізілген кезде ғана білім алушылардың тұлға ретінде үйлесімді дамуына негіз болады.

Ұлттық құндылықтарды оқытудың не танытудың әдістемелік негізі ретінде аскиологиялық, мәдениеттанымдық, тұлғалық бағдарлы оқыту, құзыреттілік формалары есепке алынады. Бұл тәсілдердің әрқайсысына жеке тоқталсақ:

1. Аксиологиялық тәсіл бойынша адам мен әлем бір-бірімен тығыз байланысты бірізді, бірін бірі бағалаушы, байланыстырушы, құндылықтв жүйе ретінде танылып, бірлікте өмір сүреді [3]. Яғни бұл тәсіл бойынша ұлттық құндылықтар басты нысан ретінде қарастырылып, сол арқылы білім алушылардың құндылық бағдарын қалыптастыруға басты мақсат етіп алады.

2. Мәдениеттанымдық тәсіл ұлттық құндылықтарымызды, оның ішінде, қазақ тілін халықтың мәдени мұрасымен, тарихымен, өнерімен тығыз байланыстыра отырып, білім беруді көздейді.

3. Тұлғалық бағдарлы оқыту тәсілі білім алушының жеке ерекшеліктерін, ұлттық болмасын, сана-сезімін, өмірлік тәжірибесін ескере отырып білім беру формасы. Тұлғалы бағдарлы оқыту тәсілінде ұлттық құндылықтарды тұлғаның өзін-өзі тануы мен өзіндік дамуына әсер ететін негізгі әрі маңызды фактор ретінде қарастырады.

4. Құзыреттілік негізгі білімнің, дағдылар мен қасиеттің тірек жиынтығы ретінде саналады [4]. Нақтырақ айтқанда, алынған білімнің нәтижесінде белгілі бір іс-әрекетті жасауға қабілетті болған адамның сипаты. Бұл тәсіл арқылы білім алушылар ұлттық құндылықтарды іс-әрекет барысында меңгеріп, әлеуметтік және мәдени ортада тиімді әрекет етуді үйренеді.

Білім беру жүйесіне енгізіліп, оқытылатын кез келген басқа ғылым саласы ретінде ұлттық құндылықтарды оқыту барысында да «кімді оқыту?», «қалай оқыту?», «не үшін оқыту?», «не нәрсеге оқыту?» деген секілді әдістемелік сұрақтарға жауап бере отырып, негізгі педагогикалық қағидаларға сүйенеді. Аталған қағидалардың қатарына жүйелілік, сабақтастық не бірізділік, гуманистік және оқыту нысаны, яғни ұлттық құндылықтарға қатысты мәдени бірегейлік жатады.

1. Жүйелілік қағидасы. Аталған қағидаға К. Биекенов пен М. Садырованың жинақтаған «Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі» еңбегінде «күрделі нысандардың тұтастығы мен оны қамтамасыз ететін тетіктерді сондай-ақ, олардың құрамдас бөліктерінің көптүрлі типтік байланыстарының кейпін теориялық тұрғыдан қарастырады» деп анықтама береді [5, 167]. Осы анықтаманы ұлттық құндылықтарды оқыту саласына әкелер болсақ, ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісін білім беру мазмұнының барлық компонентімен, атап айтқанда, айтылым, оқылым, жазылым, тыңдалым бөлімдерімен байланыстыра отырып қарастыруды талап етеді деген тұжырымдамаға келе аламыз.

2. Сабақтастық және бірізділік қағидасы. Жалпы білім берудің бастауыш білімнен бастап жоғары сыныптық білімге дейінгі барлық сатысында оқу мазмұнына енгізілген барлық ақпаратты бірізді әрі кезең-кезеңімен беру маңызды. Тура солай ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісі де контекстен жұлынып алынған әртүрлі бөліктер арқылы, білім берудің әртүрлі сатысында емес, белгілі бір сабақтастыққа ие болып, «төменнен жоғарыға, оңайдан қиынға» әдісі арқылы, аз-аздан үздіксіз оқытылуы маңызды.

3. Гуманистік қағидасы. Адамның тұлға ретіндегі сана-сезімін, еркіндігін, рухани құндылықтары мен ұстанымдарын білім беру, оқыту үрдісінде басты орынға қою. Яғни ұлттық құндылықтарды меңгерту барысында да осы қағида басты назарда болуы қажет.

4. Мәдени бірегейлік. Жаһандану, өзгеру үрдісі, біртұтас, ортақ әлемдік ұстанымдардың пайда болуы, ақпараттандыру заманында этникалық, мәдени және ұлттық мәселелердің туындауы. Ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісіне осы ұғымдарды енгізе отырып, ұлттық мәдениетпен үйлестіре оқытуды көздейді.

Ұлттық тәрбиенің маңызы туралы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің, тарих факультеті, оның ішінде, археология, этнология және музеология кафедрасының меңігерушісі, профессор Бибизия қалшабаеваның

«Ұлттық тәрбие – ұлт болашағы» тақырыбында сөйлеген сөзінде былай деді: «Жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру арқылы ғана біз өзіміздің ұлттық болмыс-бітімізді, қайталанбас қазақи мінез-құлқымызды, ұлттық кейпімізді сақтап қала аламыз. Ұлттың бүгіні де, болашағы да тәрбиелі ұрпаққа байланысты. Қазіргі заман бала тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Себебі ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағы» [1].

Ал ұлттық құндылықтарды оқытуда нақты қай жастан және қалай бастау керек деген сұраққа жауап іздесек, ғалымдардың мынандай пікіріне жолығамыз: «Құндылықтарды қабылдаудағы ең қарқынды кезең – жеткіншетік кезең». Сонымен қатар психологтар мен басқа да ғалымдар құндылықтарды оқыту, игерту үрдісі біртіндеп, саты-сатысымен, адамның онтогениткалық дамуының алғашқы кезеңінен бастап, өмірінің соңына дейінгі барлық кезеңдерінде жүреді. Яғни құндылық бағдарлы тұлға қалыптастыру бір күндік не бір сыныптық процесс емес, аталған қасиеттер тұлға бойынша өмір бойы біртіндеп қалыптасады.

Ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісі тиімді әрі нәтижелі ұйымдастырылуы үшін ең алдымен әдебиеттерді талдау қажет. Бұл іс-әрекеттің маңызын П.К. Искакова мен З.А. Зубайраева «Жеткіншек жастағы балалардың құндылық бағдарлын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері» мақаласында былай түсіндіреді: «Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдау құндылықтардың шынайы өмірмен, қоғамдағы жеке қажеттіліктермен, адамдардың мүдделерімен мен мақсаттарының байланысты екенін көрсетті. Құндылық нақты әлеуметтік мәдени ортада пайда болады, жұмыс істейді және өзгереді» [7, 179].

Жоғарыдағы бөлімдерде айтып өткеніміздей, ұлттық құндылықтарды оқытудың білім беру саласының бірі болып қалыптасуы – тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан-ақ қолға алынып, бүгінгі күнге дейін бірізді болмаса да, өзіндік бір ерекшеліктері, міндеттері мен қағидалары қалыптасқан сала. Алайда қазіргідей түрлі ұлттарды бір-бірінен ажыратып тұратын ұлттық ерекшеліктердің көмескіленіп, адамдардың өз ұлтына, мәдениетіне деген жақындығы азайған жаңа заманда осыған дейін қалыптасып, жинақталған теориялық негіз ескіріп, жаңа бір өзгерісті қажет етіп тұрғанын көре аламыз.

Сонымен, ұлттық құндылықтарды оқыту тек білім беру деңгейінде емес, қоғам мен өсу ортасының барлық кезеңінде болуы қажет. Осы кезеңдер шолу жасап, өтсек [7, 181]:

- бастапқы деңгей – құндылықтардың студенттің отбасы, достары сияқты жақын адамдарынан құралған ортада көрініс табуы;
- орта деңгей – оқушының тікелей қарым-қаттынасқа түсетін ортасы мен олардың өзара байланысы;
- экзо деңгей – білім алушыға жанама әсер ететін өлшемдер не деректер (отбасының әлеуметтік жағдайы мен ерекшеліктері);
- макро деңгей – экономика, мәдениет, БАҚ және осы қоғамға тән әртүрлі әлеуметтік институттар.

Қоғамдағы осы деңгейлі байланыстар жүйесі бір-біріне әсер етіп, білім алушыны белгілі бір бағдарға ие тұлға етіп шығарады.

Білім алушылардың бойында құндылық бағдарлы тұлғалық қасиеттерді дамыту – тұрақты жұмысты қажет ететін күрделі процесс. Аталған процесс мына кезеңдерді қамтиды [7, 184]:

1. Адами құндылықтарды білуі.
2. Адамның құндылықты игеруі.
3. Құндылықты қабылдау.
4. Іс-әрекетте, қарым-қатынаста және мінез-құлықта құндылық бағдарларларын жүзеге асыру.
5. Жеке сапа мәртебесінде құндылықты бекіту.
6. Өмірлік жағдайларда құндылықты өзектендіру.

Құндылықтарды қабылдау мен меңгерту білім алушының ортасына да байданысты екенін ескеру маңызды. Содан соң ғана жоғарыда көрсетілген қадамдарға кірісіп, жас ерекшеліктеріне қарай ұлттық құндылықтар туралы түсінігін жүйелі түрде кеңейтіп, дамытып отыру қажет. Ал білім алушының ұлттық құндылықтар туралы түсінігін жүйелі түрде кеңейту үшін мына психологиялық-педагогикалық принциптерді қолдану ықпал етеді [7, 184]: гуманизм принципі, топта, ұжымда жеке көзқарас принципі, жетекші қызмет принципі, жүйелік көзқарас принципі, бастамашылдық және әлеуметтік белсенділік принципі, тұтастық принципі және кешенді тәсіл:

- гуманизм принципі (қамқорлық, сақтық, қиындықта көмектесуге деген ұмтылыс);
- топта, ұжымда жеке көзқарас принципі (жеке тұлғаның топқа жататындығы, оның негізгі құндылықтарын қабылдау);
- жетекші қызмет принципі (тұлғаны қалыптастыруда негізгі, жетекші рөл атқаратын қызметті айқындау);
- жүйелі тәсіл принципі (қоғамның рухани және жалпы азаматтық құндылықтарын жеке құндылықтарға айналдыру);
- бастамашылық және әлеуметтік белсенділік принципі (білім алушының өзіндік әрекеті, өзін-өзі басқару);
- тұтастық принципі және кешенді тәсіл (жалпы азаматтық, еңбек және адамгершілік тәрбиесінің принципі).

Қазақтың ұлттық құндылығы, рухани болмысы, дүниетанымы оның көнеден қалыптасып, бүгінге жеткен тұрмыс-тіршілігінде, мәдениетінде, ауыз әдебиетінде, қоғамдағы ерлер мен әйелдердің моральдық-психологиялық болмысында, күнделікті өмір салтында, отбасы мен ауыл ішіндегі адамдардың бір-біріне деген қарым қатынасында, әулет пен ру жүйесінің қоғамдағы әлеуметтік орнында, ұлттың танымы мен наным-сенімінде, ырым-тыйымдарында, әдеп-ғұрыптарында, ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрлерінің тұтастығында, мінез-құлық ерекшеліктерінде, өмірге деген көзқарасында, сөз мәдениеті мен шешендік өнерінде, қолөнері мен бейнелеу өнерінде, ауыз әдебиеті мен музыкасында айқын көрініп, басқа халықтан ұлтымызды ерекшелеп тұратыны анық. Аталған мұралардың барлығы қазақ халқының қазіргі моральдық-психологиялық, мәдени әлеуметтік ахуалының тамыры тереңде жатқанын дәлелдейді. Осындай терең тарихтың, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жиналған мұраның негізінде ұлттық тарих,

философия, филология, педагогика, психология, этнопедагогика мен этнопсихология ғылымдарына қатысты көптеген еңбектер мен мағлұматтар жинақталған. Мағмұламаттарды жинақтаған А. Байтұрсынов, Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов секілді қазақ зиялылары өз еңбектері мен жұмыстарында дәлелдеп, аталған құндылықтардың тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, өз еңбектерінің негізі етіп алған. Сонымен қатар жоғарыда есімі аталған қазақ зиялыларының артында қалдырған мол мұрасын сақтап, еңбегін жалғастырған Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, Ж. Наурызбай, С. Ұзақбаева, С. Қожақметов, Қ. Бөлеев, А. Құсайынұлы, Ж. Наурызбай секілді ғалымдардың жасаған тұжырымдары қазіргі қазақ этнопедагогикасының ғылыми-теориялық негіздерінің қалыптасуына негіз болды деп айта аламыз. Дәл қазір қолда бар ақпарат пен теорияны қолдана отырып, жалпы педагогика ғылымының этнопедагогика саласының, яғни халықтың дәстүрлі педагогикалық үрдістерін зерттеп, жаңа тұжырымдар жасауға, осы саланың мүмкіндіктері мен оның білім беру саласындағы қазіргі және болашақтағы орнын зерделеуге, ұлттық құндылықтарды білім беру үрдісінде пайдалануға, адамдардың өз ішінде құндылық қатынасы мен тірегін анықтауға көмектеседі.

Білім алушылар үшін ұлттық құндылықтарды тақырыбы бойынша оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезеңінің теориялық негіздері, халық педагогикасы саласында зерттелетін мәселелер мен тақырыптар, ұлттық құндылықтарды оқыту саласының методологиясы немесе әдістмесі, тарихнамасы, ұстанымдары мен ұстанымдық аспектілері, теория мен практикалық бірлігі мен сйкестігі, халықтық этнопедагогика саласының фольклордық, дәстүрлік, тұрмыстық аспектілері туралы жазылып, осы саланың негізіне қаланған материалдар мен жазылған еңбектерге тоқталсақ.

Ең алдымен жалпы «халықтық педагогика» терминін ғылыми айналымға енгізген К.Д. Ушинскийдің еңбектеріне тоқталғанымыз жөн. Ғалымның бұл терминді қолданғаны туралы ақпаратты ғалым В.Б. Комаровский өзінің «Русская педагогическая терминология» атты еңбегінде береді. Бұл кезеңдерде жазылған басқа да еңбектерді аталған «халықтық педагогика» терминін қолданбағанымен, жалпы осы саланың дамуына теориялық та, практикалық та тұрғыдан зор еңбек сіңірген. Аталған педагогикалық еңбектерде ұлттық құндылықтар мен сана-сезімді білім алушылардың тұлға болып қалыптасуының негізі ретінде қарастырып отырған. Сонымен қатар білім алушылар тәрбиесі мен оқытуы барысында ұлттық құндылықтарға, адамгершілік пен моральдік тәрбиеге, білім алушының ішкі сана сезімі мен жалпы тәлім-тәрбиеге баса назар аударған,

Қазіргі ТМД ұйымының құраамдас мемлекеттерінің бұрынғы кеңес заманы тарихында аталған берілге «ұлттық құндылықтар» тақырыбында ғана емес, осы саланың жалпы бастаушысы «халықтық педагогика» мен «этнопедагогика» ұғымдары туралы көптеген еңбектер жазған. Бұл еңбектердің ішінен Г.Н. Волковтың «Чуваш халық педагогикасы» еңбегін ерекше атап өте аламыз [8]. Ол аталған еңбегінде халықтың педагогика мен этнопедагогика салаларының ара-жігін ажыратын, бұл салалардың өзіне тән теориялық және әдістемелік ережелерін анықтап, халықтық педагогиканың белгілі бір ұлттың жылдар бойы жинаған рухани тәжірибесі мен тәрбиелеу жүйесі ретінде

карастырылып, аталған тәрбие пәнінің педагогикалық негіздеріне, әдіс-тәсілдері мен құралдарына анықтама берді. Сонымен қатар ғалым «Этнопедагогика» кітабын жазып, дәл осы атауды ғылыми айналымға енгізіп, этнопедагогика саласын ғылыми тұрғыдан жүктеген болатын. Ол өз еңбегін этнопедагогика теориялық негізі, мазмұны бар ғылым саласы деп анықтама берсе, халықтық педагогика саласы өз кезеңінде халықтың өмірлік тәжірибесіне сүйенеді деп жазды. Г.Н. Волковтың пайымдауынша [9]: этнопедагогика саласының пәні – халықтың педагогика мен халықтық тәрбие, ал оның мәні – үш қасиеттен құралады:

1. Ұлттың сақталу педагогикасы.
2. Педагогикалық пансофия немесе тәрбие даналығы.
3. Жалпыға бірдей сүйіспеншілік теориясы. Этнопедагогиканың ғылыми мазмұны – халықтық педагогика мен этнопедагогикалық білімдер жиынтығының ғылыми әлеуетімен өлшенеді [10, 7].

Осы жолмен этнопедагогика саласын ары қарай зерттеп, бұл саланың бірізді, сатылы жүйесін жасап, басқа да салаларын ашып, оларды жіктеген ғалымдар мен олардың мынандай еңбектерін атай аламыз: Т.Н. Петрова – тарихи педагогиканы, Ш.М. Арсалиев пен Л. Бугаева – аймақтық педагогика саласын, Г.Н. Волков – аналитикалық педагогиканы, Қ.Ж. Қожахметова – этнопедагогика методологиясын, В.М. Григорьев – ойын педагогикасын, Э.И. Сокольникова – отбасы этнопедагогикасын, Л.К. Рахлевская – этнопедагогикалық антропологияны, М.Г. Харитонов – этнопедагогикалық білім беруді зерттеген болса, А.А. Григорьева мен Д.Е. Иванова – этноәлеуметтік педагогика саласын, А.М. Леонов – субэтникалық педагогиканы және т.б. зерттеп, этнопедагогика ғылымының мәні мен мазмұнының, зерттеу пәнінің аумағын кеңіте түсті [10, 6].

Сонымен, этнопедагогика халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәрбиелік тәжірибесін, ұлттық, қоғамдық және отбасылық тәрбие дәстүрлерін, жан-жақтан берілетін тәлім-тәрбиенің білім алушының тұлға болып қалыптасу үрдісіне әсерін, сонымен қатар болашақ ұрпақты тәрбиелеуде қолданылатын тәрбие құралдары мен әдіс-тәсілдерін зерттейтін ғылым саласы. Ал Т.Н. Петров этнопедагогиканы халықтық тәрбиенің тарихы мен теориясын жүйелейтін бағыт деп сипаттайды. Аталған көзқарасты ұстанатын ғалымдардың пікірінше, этнопедагогика саласы отбасы, ру, ұлт және халық деңгейінде жинақталған ұлттық құндылықтар мен тәрбиелеу жүйесін эмпирикалық тәжірибе арқылы талдап, ұлттық мінез-құлықты қалыптастыру мен оны реттеудің тәрбиелік маңызын анықтайды. Ал Г.Н. Волкова өз еңбектерінде этнопедагогика тәрбиелеу жүйесі мен оны этикалық түрде бағалау өлшемдерін зерттеуге бағытталған ғылым саласы деп топшылайды [9, 23].

Этнопедагогика саласы өзіне ғана тән әдіс-тәсілдер мен оқыту формалары арқылы халықтық педагогиканың көп жылдық тәжірибесін мен жиналған теориясын ұлттық құндылықтарды оқыту және меңгерту үрдісіне енгізуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге қоғамдағы түрлі өзгерістер мен басқа ғылым салаларының тұрақты дамуының негізінде өзіндік мақсат-міндеттері мен қолданыс аясын үздіксіз өзгертіп отыруға бейім.

Халықтық педагогика саласының негізі зерттеу нысандарының бірі – оқушының адами қасиеттерінің қалыптасып, дамуына өзін қоршаған қоғам мен әртүрлі әлеуметті ортаның әсері. Аталған бағытта жүргізілетін зерттеу жұмыстары жас ұрпақты ұлттық құндылықтарды оқыту мен тәрбие беруге қатысты халықтық білім мен тәжірибе үлгілерін жинап, оларды жіктеп, жүйелейді. Атап айтқанда, халық даналығы, діни наным-сенімдер, қоғамда жасаудың маңызды бөлігіне айналған ұлттық құндылықтар, ауыз әдебиеті үлгілері, макал-мәтелдер, нақыл сөздер, ұлттық ойындар, қолданбалы өнер мұралары, жұмбақтар мен жаңылтпаштар, эпостық жырлар мен ән-күйі халық педагогикасының білім алушыны оқыту мен тәрбиелеудегі негізгі құралына айналған.

Сонымен қатар этнопедагогика саласы ұлттық философия, ұлттық этика, ұлттық эстетика, ұлттық психология үрдістерін тарихи, әдеби, мәдени мұраны кіріктіре отырып, оқу-тәрбие үрдісіне енгізуге мүмкіндік ашады [10, 7].

Педагогикада ұлттық құндылықтар жеке тұлғаның санасында орнығып, мінез-құлқы мен өмірлік мақсаттарын айқындайтын рухани-мәдени бағдарлар ретінде түсіндіріледі. Олар тұлғаның құндылық бағдарлары, дүниетанымы, моральдық сенімі мен ұлттық мәдениете қатынасы арқылы көрінеді.

Ұлттық құндылықтар ұғымын негіздеуде:

- Аксиологиялық (құндылықтық) тәсіл – еңбек, жауапкершілік, адамгершілік, отансүйгіштік сияқты құндылықтарды тұлға дамуының өзегі ретінде қарастырады.

- Мәдениеттанулық және этнопедагогикалық тәсіл – тіл, тарих, дәстүр, өнер, ұлттық мінез, әдеп-ғұрып арқылы берілетін рухани мұраны басты негіз деп алады.

- Іс-әрекеттік тәсіл – құндылықты тек білімде емес, практикада (еңбек, қоғамдық белсенділік, тілдік қарым-қатынас, шығармашылық) жүзеге асатын бағдар деп түсіндіреді.

Қазақ қоғамының дәстүрлі өмір салтында рухани және адами құндылықтарды жоғары қастерлеу, сондай-ақ жас ұрпақты сол құндылықтар негізінде тәрбиелеу ежелден қалыптасқан үрдіс. Тұлғаның рухани деңгейі оның адамгершілік қасиеттерімен айқындалып, адамның даму дәрежесін сипаттайды. Осы тұрғыда рухани-адамгершілік, ұлттық құндылықтарды оқыту тұлға қалыптастырудың негізгі өлшеміне айналды.

Қазақ халқының көрнекті ағартушысы Ы. Алтынсарин өз шығармаларын ана тілінде жазып, бала тәрбиесінің ұлттық орта мен халықтың салт-дәстүрге негізделуінің маңызын өз еңбектерінде ерекше атап өткен. Ғалым өз еңбектерінде тәрбиенің ұлттық рух пен сана-сезімге сәйес жүргізілуі баланың бойындағы ұлттық қасиеттердің жетілуіне ықпал етіп, елінің игілігіне қызмет ететін саналы да парасатты тұлғаның қалыптасуына негіз болады деп тұжырымдаған. Ы. Алтынсарин өз еңбектерінде еңбекқорлық, үлкенге құрмет, мейірімділік, кішіпейілдік сияқты ұлттық құндылықтар мен жалпы адамгершілік қасиеттерін жас ұрпаққа түсінікті формада, күнделікті өмірмен байланыстырып оқыту керек деген пікірді ұстанған.

Қазақ ағартушылығы мен ұлттық мәдениет тарихында айрықша орын алатын ойшыл ақын А. Құнанбаевтың шығармашылық мұрасы да тұлғаның рухани тұрғыда қалыптасуына тікелей бағытталғанын білеміз. Абай ілімінің түп тамыры – адам болмысының адамгершілік, ар-ұят, ақыл-парасат секілді қасиеттер арқылы кемелденіп, толығып отыруы. Ол өз еңбектерінде аталған моральдік қағидаларды теориялық тұрғыдан ғана түсіндіріп қоймай, әділеттілік, мейірімділік, Отанға деген махаббат, оның иілігі үшін аянбай қызмет ету, жан-жақты жетіліп, өсуге ұмтылу секілді құндылықтарды күнделікті өмірде қолданып, негізге алудың маңызын көрсетіп кетті.

Осы себептен де қазір білім беру жүйесінде, оның ішінде мектеп қабырғасынан бастап, оқу мен тәрбие үдерісінде ел тарихын тереңдете танытып, тәрбие сағаттарында қазақ зиялыларының еңбектері мен олардың қоғамның дамуына, құндылықтарымыздың сақталып, кейінгі ұрпаққа жетуіне, онымен қоса сол құндылықтарды оқыту жүйесін жасап, білім беру мазмұнына қосылуына қосқан үлесі туралы түсіндіріп, ақпарат беріп отыру өте маңызды. Бұндай ақпарат пен білім беру жүйесі білім алушының бойынша құндылыққа бағдарлылық қасиетін қалыптастырып қана қоймай, сонымен қатар ұлттық салт-сананың өмірдегі қолданбалы көріністері болып саналатын түрлі рәсімдер мен салт-дәстүрлер, рәміздер мен ұрандар, ырым-тыйымдар, жөн-жоралғылар, діни наным-сенімдер білім алушылардың бойындағы ұлттық қасиеттердің орнығып, дамуына себеп болады [12].

Ал ұлттық құндылықтарды оқытудың негізгі педагогикалық ұстанымдарын жіктейтін болсақ:

1. Оқытудың ғылыми негізділігі.

Ұлттық құндылықтарды оқыту басқа кез келген білім саласы секілді ғылыми негізде жүзеге асырылуы тиіс. Бұл принцип ұлттық салт-дәстүр, әдеп-ғұрып, рухани мұраларымызды тек тұрмыстың бір бөлігі ретінде емес, сонымен қатар педагогика, этнопедагогика, тарих, философия және мәдениеттану ғылымдарының тәжірибесіне сүйене отырып оқыту мен түсіндіруді мақсат тұтады. Мәдени мұрамызды оқыту бағдарламасы білім беру талаптары мен ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне сай құрылып, оқушылар мен студенттердің ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне сай ұсынылған жағдайда ғана нәтижелі болып, келешек ұрпақ сана-сезімінің өзгеруіне әсер ете алады.

2. Оқытудың оңтайлылығы, жеңіл берілуі.

Ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын материалдардың студенттер мен оқушыларға түсінікті, жеңіл әрі қолжетімді болуы маңызды. Бұндай талап ұлттық тәрбие беру саласынң мақал-мәтел, нақыл сөз, аңыз-әңгімелер, ұлттық ойындар секілді құрамдас бөліктерін өз ретімен дұрыс қолдану арқылы жүзеге асады. Оқу бағдарламасы тәрбиеленушілердің жас ерекшелігі мен көрсеткен білім деңгейіне қарай таңдалуы қажет. Ұлттық құндылықтарымызды оқу үдерісіне «оңайдан қиынға қарай» жүйесіне сай топтап оқыту оқушыларға тақырыпты жылдам әрі жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді.

3. Оқу үдеріснің дұрыс жүйеленуі.

Ұлттық құндылықтарды меңгерту белгілі бір логикалық реттілікке негізделіп, бірізді жүйе ретінде жүруі қажет. Білім алушыға ең алдымен отбасы,

туған жер, ана тілі сияқты бастапқы базалық деңгейдегі ұлттық құндылықтар таныстырылып, одан соң ғана ұлттың тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрлері, рухани мұраларына қарай алдын ала сарапталған жүйемен толығып, кеңейе бастайды. Жоғарыда көрсетілгендей реттілік білім алушының ұлттық сана-сезімінің ұлттық құндылықтарды меңгеру арқылы біртіндеп қалыптасуына қолайлы жағдай жасайды.

4. Оқытудың жүйелілігі.

Ұлттық құндылықтарды оқыту үздіксіз әрі жүйелі үдеріске айналуы тиіс. Ол тек бір пән немесе бір сабақтың шеңберінде ғана қалып қоймай, білім беру жүйесіндегі барлық оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіріліп, сыныптан тыс іс-шаралармен бекіту қажет. Осындай жүйелілік қана ұлттық тәрбиенің бір тұтас педагогикалық үдеріс ретінде қалыптасып, ары қарай жүзеге асырылуына мүмкіндік береді.

5. Оқытудың көрнектілігі.

Ұлттық құндылықтарды оқытуда көрнекілік принципіне ерекше мән берілуі оқу үрдісінің маңызды бөлігі. Ұлттық киімдер, тұрмыстық бұйымдар, тарихи ескерткіштерді суреттері не макеті, шежірелер, қолөнер үлгілері, ұлттық құндылықтар тақырыбына қатысты бейнероликтер мен мультимедиялық ресурстар білім алушылардың ұлттық мәдениетке және ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттырады. Студенттер мен оқушылар ұлттық құндылықтарымыз жайлы теорияны тыңдаумен қатар, әртүрлі көрнекіліктер арқылы көру, сезіну секілді сезім мүшелерінің көмегімен терең қабылдайды.

6. Білім беру форматының дұрыс таңдалуы.

Мәдени мұраларымызды оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру кезінде бұрыннан қалыптасқан әдіс-тәсілдерден бөлек, жаңаша технологияларды да қолдану қажет. Сұхбат, пікірталас, жобалар, топтық не жеке жұмыс, рөлдік ойындар, шеберлік сабақтар мен экскурсиялар сияқты оқыту формалары білім алушылардың оқудағы белсенділігін арттырып қана қоймай, білім алушылардың ұлттық құндылықтар туралы білімді тек теориялық тұрғыдан емес, сонымен қатар өз тәжірибесі арқылы меңгере алуына жол ашады деп тұжырымдай аламыз.

7. Оқыту нәтижесінің беріктілігі, оны іске асыру принциптері.

Ұлттық құндылықтарды оқытудың нәтижесі мінез-құлқы мен іс-әрекетінде көрініс табуы қажет. Білімнің нақтылығы оның практика жүзінде қолданылуынан көрініс табады. Сондықтан ұлттық құндылықтар туралы берілген білім тәрбиелілік және өмірдік жағдаяттар, қоғамға пайдалы іс-әрекеттер арқылы бекітілуі қажет. Яғни соңғы қағида білім алушының алған білімін қоғамға бейімдеп, өмірлік ұстанымға айналдырып, ары қарай түрлі жағдайларда қолдана алуын көздейді.

Сонымен қатар білім беру жүйесіне енгізілетін тақырып ретінде ұлттық құндылықтарды оқытуға қойылатын бірнеше талаптар бар:

- атқарылатын жұмыстың тәрбиелік бағытта болуы;
- ұлттық құндылықтарды иегерген тұлға қалыптастыруда атқарылатын жұмыстың жүйелілігі;
- ұлттық құндылықтар тақырыбында берілетін ақпарат не теориялық білімнің тәжірибелік біліммен мәдени-тарихи сабақтастығы;

- ұлттық құндылықтар туралы берілген ақпараттың білім алуы үшін қоғамдағы әлеуметтік-тәжірибені жеткізу құралы болуы.

Ұлттық құндылықтарды оқыту саласын педагогиканың маңызды да ажырамас бөлігі ретінде қарастыру:

- Оқушылардың ұлттық дүниетанымын қалыптастырады.
- Руханилық пен адамгершілікке тәрбиелейді.
- Мәдени-сабақтастықты қамтамасыз етеді.
- Жаһандану заманында ұлттық бірегейлікті сақтауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар өз заманының көрнекті ұстазы Я. А. Коменский халықтық тәрбие не педагогиканы «адамзат баласы бірлесе иеленетін жалпыға ортақ даналық қазына» деп бағалаған болатын [10, 8]. Жалпы сол заманда Коменский ғана емес, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталоцци да халықтық тәрбие ұстанымдарына берік болып, оның маңыздылығын өз еңбектерінде жиі көрсеткен.

Қорытындылап айтқанда, аталған педагогикалық ұстанымдар мен қағидағалар ұлттық құндылықтарды оқытудың педагогикалық негізін құрайды. Ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнының негізін салған алғашқы анықтамалардан бастап, этнопедагогика саласының қалыптасуына дейінгі кезеңдерде шетел және қазақ ғалымдарының еңбегі негізінде жиналған теориялық ақпараттар қазіргі білім беру жүйесінің жаңғырту үдерісіне негіз болды.

1.2 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы заманауи білім беру талаптары мен оқу мазмұнына кіріктірудің кезеңдері

Жаһандану заманында ұлттық құндылықтар мен бірегейлікті сақтау мен оны жас ұрпақтың бойына сіңіру заманауи білім беру жүйесіне қойылатын негізгі талаптардың біріне айналып отыр. Заманауи білім беру талаптары ұлттық құндылықтарды оқытуды тек теориялық не ақпараттық деңгейде ғана емес, тұлғаның рухани, әлеуметтік және мәдени дамуын кешенді түрде ұйымдастырып, қамтамасыз ететін үдеріс. Заманауи білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды оқытуға қойылатын талаптарды жалпылама атап өте аламыз.

Біріншіден, ұлттық құндылықтарды оқыту құзыреттілікке негізделген білім беру моделіне сай жүзеге асырылуы тиіс. Бұл ұстаным немесе қойылатын талап білім алушының бойында ұлттық құндылықтар мен жалпы ұлттық мәдениет туралы білімін қалыптастырып қана қоймай, алған білімін өмірде, қоғаммен қарым-қатынасқа түскенде қолдана алуға қабілетті болуын мақсат етеді. Ұлтымыздың салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, тілі мен мәдени мұрасы оқушының коммуникативтік, снымен қатар әлеуметтік құзыреттіліктерін арттыру құралы. Екіншіден, заманауи білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды оқыту ең алдымен білім алушының жеке тұлғасына бағытталған жұмыстар жүйесі болуы қажет. Ұлттық құндылықтарды оқыту барысында білім алушының жасын, психологиялық және ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін, жеке қызығушылықтарын ескеру аталған процесстің тиімділігін арттырып, білім алушының ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнының бір бөлігі ғана емес,

өзінің тұлға ретіндегі қасиеттерінің бірі екенін ұғынуға көмектеседі. Үшіншіден, ұлттық құндылықтарды оқытуда интерактивті-инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану өте маңызды. Аталған тақырыпты оқытуда пікірталас, рөлдік ойындар, жоба қорғау, сұхбат алу, чат-боттарды қолдану секілді жаңа дүниелер білім алушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызы, ушылығын арттырып, олардың сыни ойлау, ақпаратты қабылдау және өңдеу, теориядан практикаға көшіру, құзыреттілігін қалыптастыру секілді қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану ұлттық құндылықтарымыз бен ұлттық мұрамызды білім алушыларымызға заман талабына сай ұсынуға жағдай жасайды. Төртіншіден, ұлттық құндылықтарды оқытуды пәнаралық салаға айналдыру. Қазақ тілі мен әдебиеті ғана емес, тарих, география секілді пәндердің оқу мазмұнына ұлттық құндылықтар жүйесі сабақтаса берілсе, білім алушылардың дүниетанымында ұлттық құндылықтар туралы бір тұтас түсінік қалыптасады. Осы арқылы қазіргі уақытта бір жақты не аясы тіпті тар болып тұрған ұлттық құндылықтар тақырыбын көпшілік үшін аша түсіп, ортақ етеміз. Бесіншіден, білім беру жүйесіне қойылатын заманауи талаптар ұлттық құндылықтарды оқыту үрдісінде оқыту мен тәрбиенің қатар жүруін міндеттейді. Оқу мазмұны мен оқудан тыс іс-шаралар бірін бірі толықтырып, білім алушының ұлттық сана-сезімін, рухани адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, дамытуға бағытталады.

Сонымен қатар білім алушы бойында жас ерекшелігіне байланысты құндылық бағдарларын қалыптастыру жүйесі мына үш элементті өзара ажыратуы керек [7, 185].

1. Құндылыққа бағдарланған тәрбиелік орта – білім алушылар өзімен қатар басқа да білім алушылар мен педагогтердің көзқарастарымен танысып, өзге пікірлерді де қабылдауға немесе керісінше, белгілі бір жағдайларда өз пікірін қорғап, жеке ұстанымын ашық білдіруді үйренеді. Мұндай тәрбиелік ортаны қалыптастыру үшін білім алушылардың тұлғалық рухани не адамгершілік қасиеттерін қалыптастырып, оны дамытуға бағытталған ұлттық құндылықтар туралы мәтіндер, рөлдік ойындар, театрландырылған қойылымдар, тренингтік тапсырмалар мен жағдаяттық тапсырмаларды қолдану қажет. Көрсетілген әдіс-тәсілдер білім алушының өз жеке пікірін не болжамын қалыптастырып, оны басқа да білім алушылармен не ұстаздарымен талқылауына мүмкіндік беріп, көбіне топтық оқыту формасында ұйымдастырылады.

2. Құндылықты шығармашылық – білім алушының жеке тұлға ретінде дамуына тән заттар мен дүниелерді, қасиеттерді өз бетінше пайымдап, олардың құндылықтық мәнін анықтай алу қабілетімен сыртқа шығарады. Мұндай шығармашылық жұмыстардың қатарына пікір білдіру, сурет салу, шығармашылық жоба дайындау не басқа да көркемдік-танымдық тапсырмалар жатады.

3. Рефлексиялық әрекет – оқушылардың өз іс-әрекеттерінің себептері мен салдарын, оның ішінде жеткен жетістігі мен жіберген қателігін зерделеп, оқу мазмұнынан тыс қол жеткізкен жетістіктерін өз бетінше түсініп, бағалауды үйрететін кезең. Бұл кезең оқушыға өзін өзі бағалауды үйретіп қана қоймай, болашақтағы кез-келген оқу-танымдық әрекетіне есеп не бағыт бере алады.

Оқу мазмұнын жоспарлау кезінде білім беруші, яғни педагог жоспарланған сабақ кезінде қандай ұлттық құндылық туралы ақпарат бергісі келетінін нақытылап, берілетін ақпараттың негізінде білім алушылардың бойында қандай қасиет қалыптастырғысы келетінін алдын ала ойлануы қажет. Аталған процесс барысында мына әдістемелерге жүгіне алады:

1. Алаш зиялыларының, ғұламаларының пікірін, даналық сөздерін негізге алу.

2. Қазақ халқында бұрыннан келе жатқан мақал-мәтел, ауыз әдебиет үлгілерін пайдалану.

3. Тандалған тақырыпқа, яғни бір белгілі бір құндылыққа байланысты жоба дайындап, оны қорғау.

4. Жеке тәжірибе мен құзыреттілікті негізге алу.

5. Жағдаяттармен жұмыс істеп, тапсырмалар орындау.

Аталған тәсілдер білім алушының шығармашылық әрі құзыреттілік қабілетін дамытып, ұлттық құндылықтарды меңгеріп, тақырыпты зерттеп, ақпаратты өңдеу қабілеттерін жоғарылатады.

Ұлттық құндылықтарды оқу-тәрбие мазмұнына кіріктіру – білім алушылардың ұлттық сана-сезімінің, рухани-адамгершілік қасиеттерінің дамуын қамтамасыз етіп, тұлға болып қалыптасуына тікелей ықпал ететін педагогикалық процесс. Аталған процесс не педагогикалық іс-әрекеттер тізбегі бірізді әрі жүйелі кезеңдер арқылы жүзеге асырылады.

1-кезең. Диагностикалық бағдарлау кезеңі.

Бұл кезеңде оқушылардың ұлттық құндылықтар туралы бастапқы білім деңгейі, түсінігі мен оның осы тақырып туралы көзқарасы зерделеніп, анықталады. Аталған кезеңде мұғалім оқушылардың:

- ұлттық құндылықтармен таныстығының деңгейін;
- құндылық ұғымын түсінуін;
- осы тақырып туралы жеке көзқарасы мен қызығушылығының деңгейін

анықтайды.

Көрсетілген мақсаттарға жету үшін бұл кезеңде сұрақ-жауап, әңгімелесу, ой қозғау, сауалнама, шағын эссе жазу секілді әдістер қолдануға болады. Осы кезеңде оқу мазмұнына ұлттық құндылықтарды кіріктірудің алдағы бағытын анықтауға мүмкіндік аламыз. Бұл кезеңнің нақты қолданылу мысалын мектеп бағдарламасы бойынша 6-сыныптың «Арман-ПВ» баспасында, Т.Н. Ермекова, Ж.К. Отарбекова, Г.Б. Тоқтыбаевалардың авторлығымен шыққан Қазақ тілі оқулығының екінші бөлімінде көре аламыз. Бұл бөлім «Ұлттық және отбасылық құндылықтар» деп аталып, ішінде «Қазақтың салт-дәстүрі – ұлттық құндылығы» тақырыбы негізге алынған. Осы тақырып бойынша білім алушыларға алдымен ұлттық құндылықтар жайлы «Құндылық дегеніміз не?», «Ұлттық құндылықтар туралы не білесің?» деген сияқты сұрақтар қойылуы қажет деп көрсетілген. Осы сұрақтарды қою арқылы білім алушының ұлттық құндылықтар жайлы түсінік деңгейін анықтап ала аламыз. Ары қарай құндылықтарға қатысты пікірлер мен білім алушылардың пікірін саластыруға арналған тапсырмалар берілген [12, 80]. Сонымен қатар бір бірінен сұхбат алып, пікір алмасқа арнағлған тапсырмалар да ұсынылған. Білім алушылар ғалым, тарихшы, саясаттанушы

секілді түрлі мамандық иелерінің рөлін ойнап, берілген тапсырмалардағы құндылықтар туралы қойылған сұрақтарға өз саласына қатысты тұрғыдан жауап беріп отырады.

2-кезең. Танымдық-ақпараттық кезең.

Бұл кезеңде білім алушылар ұлттық құндылықтарды белгілі бір оқу пәнінің мазмұны арқылы бірізді жүйе арқылы оқып, меңгереді. Білім алушылар осы кезеңде:

- халықтық педагогика элементтерімен;
- ұлттық мәдениет, салт-дәстүр, әдеп-ғұрыптармен;
- тарихи тұлғалардың өнегелі өмірімен, олардың нақыл сөздерімен танысады.

Оқу мазмұнын меңгерудің негізгі құралдары ретінде мәтіндер, көркем шығармалар, тарихи деректер, мақал-мәтелдер қолданылады. Бірнеше пәндер арасында ұлттық құндылықтар негізінде пәнаралық байланыс орнатылады.

3-кезең. Құзыреттілік кезеңі.

Аталған кезеңде білім алушылар осыған дейінгі кезеңдерде алған теориялық білімі мен ақпаратын тәжірибеде қолдану дағдысын қалыптастырады. Ұлттық құндылықтар білім алушы үшін тәжірибе жүзінде:

- рөлдік ойындар;
- пікірталас, сахналау;
- жоба және зерттеу жұмыстары сияқты шығармашылық тапсырмалар арқылы бекітіледі.

Көрсетілген кезеңде білім алушылар ұлттық құндылықтарға қатысты өзінің жеке пікірін қалыптастыруға мүмкіндік алады.

4-кезең. Рефлексиялық-бағалау кезеңі.

Келесі кезеңде білім алушылардың ұлттық құндылықтарды қабылдауы, құндылықтардың тұлғанының ішкі сенімінің бір бөлігіне айналады. Бұл кезеңде білім алушылар:

- өз іс-әрекеттеріне талдау жасайды;
- ұлттық құндылықтардың жеке өміріндегі маңызын түсінеді;
- өзін-өзі бағалау мен ашық пікір білдіруге дағдыланады.

Рефлексия күнделік, эссе жазу, өзін-өзі бағалау, қорытынды пікір білдіру секілді іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Аталған кезең оқушылардың ұлттық құндылықтарды саналы түрде меңгергендігінің көрінісіне айналады.

5-кезең. Тұлғалық қалыптастыру кезеңі.

Соңғы шешуші кезеңнің міндеті ұлттық құндылықтарды білім алушының мінез-құлқының, рухани сана-сезімі мен өмірлік ұстанымының бір бөлігіне айналады.

Аталған кезеңнің нәтижесі:

- ұлттық сана-сезімнің қалыптасуы;
- адами қасиеттерінің қалыптасып, тұрақтануы;
- әлеуметтік жауапкершіліктің артуы.

Осы кезеңдер бойынша жасалған сатылы жұмыстың арқасында ұлттық құндылықтар білім алушының қарым қатынасы мен әрекетінде көрініс табады.

Қорытындылап айтқанда, ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнына кіріктіру әрі бұл үрдіс барысында жаңаша технологияларды қолдану түрлі қадамдар мен кезеңдерде тұратын күрделі жұмыс екені анық. Ұлттық құндылықтарды оқыту барысында білім алушының жас ерекшелігіне сәйкес оқыту ортасын құрудан бастап, білім алушының ақпаратты дұрыс әрі жылдам игере алуы үшін оқыту кезеңдерін түрлі кезеңдерге бөлуге дейінгі бөлімдер бұл үрдісті білім алушының қажеттілігі, жас ерекшелігі, білім деңгейіне қарай бейімдеудің маңыздылығын көрсетеді.

2 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңа технологиялардың ғылыми негіздері

2.1 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңаша педагогикалық технологиялардың жіктелуі және олардың тиімділігін анықтау

Ұлттық құндылықтарды оқытудың тиімділігі дегеніміз білім алушыларға осы сала бойынша теориялық білім беру ғана емес, аталған ұлттық құндылықтарды дұрыс, заманға сай тәсілдермен, заманауи, жаңаша педагогикалық технологиялармен оқыту. Ал бұл мақсатта қолдануға болатын жаңаша педагогикалық технологияларды оқыту түрі мен бағытына, әдістемелік негізіне, қолданылатын технологиялар түрі мен инновациялық интеграциялар түріне қарай бөле аламыз. Аталған жаңаша педагогикалық технологиялардың ара жігін ажыратып, төмендегідей бірнеше топқа біріктіре аламыз.

1 Оқыту түрі мен бағытына қарай жіктеу

1.1 Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиялары

Аталған технологияның басты мақсаты – ұлттық құндылықтарды оқытуда білім алушының жеке өмірлік тәжірибесін анықтап, оқыту бағдарламасын сол жеке тәжірибенің негізінде құру. Аталған басты мақсаттан бөлек, тұлғалы бағдарлы оқыту технологияларын білім беру үрдісінде қолдану арқылы педагог білім алушылармен бірге төмендегідей мақсаттарға қол жеткізуді көздейді:

- білім алушылардың оқыту мазмұнында берілген ұлттық құндылықтарды саналы түрде қабылдап, меңгеруін қамтамасыз ету;
- оқыту үрдісі барысында әрбір білім алушының жеке тұлға деп қарастырып, әр жеке тұлғаның рухани және адами қасиеттерін дамытуға ықпал ету;
- білім алушылар бойында ұлттық құндылықтар, ұлттық мәдениет, ұлттық ерекшеліктер мен ұлттық салт-дәстүрлерге деген құрмет пен қызығушылық танытуға бейімдеу;
- білім алушының оқу үрдісі барысында кез-келген тақырыпта, оның ішінде ұлттық құндылықтар тақырыбында өзіндік пікірін қалыптастырып, сол пікірді талдау, ойлау, саралау және басқа білім алушылар мен педагогтар алдында еркін білдіру қабілетін қалыптастыру мен дамыту;
- білім алу, оқу үрдісі барысында меңгерілген ұлттық құндылықтарды өзінің өмірлік тәжірибесімен байланыстыра алу дағдысын дамыту.

Тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясының маңызы мен тұғыры туралы негізгі ақпаратты В.В. Сериковтың, А.К. Мынбаеваның, И.С. Якиманскаяның, Г.А. Касен мен З.М. Садвакасова секілді ғалымдардың еңбектерінен таба аламыз. Аталған еңбектерде тұлғалық тұғыр негіздері туралы ғана емес, сондай-ақ тұлғаны орындалатын белгілі бір іс-әрекеттің орындаушысы, яғни субъектісі ролінде қарастырып, оның жеке тұлғалық ерекшеліктерінің танылуы мен қабілетінің көрінуіне жағдай жасап, білім алушылардың түрлі формадағы қарым-қатынас түріне қатысты іс-әрекеттерді орындай алу қабілетін қалыптастыру

туралы айтылған. Аталған технологияның ұлттық құндылықтарды оқытудағы маңызы өте зор. Себебі тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясы ұлттық құндылықтарды, ұлттық ерекшелік пен мәдениетімізді білім алушының жеке тәжірибесімен байластыра отырып оқытып, оқу бағдарламасын жақсырақ түсініп, меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл технологияның теориялық негізін салған ғалымдар ретінде Л. Выготский, К. Роджерс танылған болса, кейініректен Ш. Амонавшили секілді психолог ғалымдарды атап көрсете аламыз.

Н.А. Ырымбаева өзінің «Студенттерді медиабілім үдерісінде даярлаудағы тұлғалы-бағдарлы тұғырдың рөлі» мақаласында педагогтардың әртүрлі жастағы білім алушыларды оқытуда тұлғалы-бағдарлы оқыту тұғырын білім беру негізіне ала отырып, 5 түрлі мақсатқа жетуіне болады деп пікір білдірген [13, 71].

1. Білім беру үдерісін жекелендіру, даралау;
2. Білім алушыларды оқыту үрдісіне белсенді түрде қатыстыру;
3. Білім беру үрдісі барысында білім алушылардың жеке адами қасиеттерінің дамуына жағдай жасау;
4. Студенттер мен оқушыларға өзін-өзі бағалау мен оқыту бағдарламасын өз бетінше құрып, жинақтауға мүмкіндік беру;
5. Оқыту мазмұнының арқасында ұлттық құндылықтарды оқыту арқыллы білім алушылардың әлеуметтік дағдылары мен қасиеттерін дамыту.

Бұл технологияны жүзеге асыру үшін мынандай оқыту тәсілдерін қолдана аламыз:

- рефлексиялық оқыту тәсілдері;
- диалог негізінде оқыту тәсілі;
- ынтымақтастық негізінде оқыту тәсілі.

Рефлексиялық оқыту оқушылар мен студенттердің білім беру үдерісінде өз тарапынан жүзеге асатын әрекетін, жеке ой-пікірін, меңгерген білімі мен алған тәжірибесін талдап, басқа білім алушылармен талқылай отырып бағалауына негізделген оқыту тәсілі.

Рефлексиялық оқыту тәсілінің маңызы мен тиімділігі жайлы түрлі ел ғалымдары бірнеше пайдалы пікірлер ұсынады. Бұл пікірлер білім алушыдан кері байланыс алып, берілген тақырыпты қорытындылауда дәл осы тәсілді қолданудың тиімділігін зерттеп, көрсеткен. Мысал ретінде L.U. DeBettencourt пен S.A. Nagro-ның пікірін алсақ. Аталған ғалымдар зерттеуінде рефлексиялық оқыту барысында білім алушылардың рефлексиялық күнделіктеріне контент-талдау жүргізудің маңызын айта отырып, әдістемелік қолдау рефлексияны дамытудың негізгі қозғаушы күші екендігін көрсетеді. Онымен қоса мұғалім тарапынан түзету, ықпал ету үшін сұрақ қойып араласу мен берілген жауапты талдап отыру секілді талаптар орындалмаса, рефлексияның сапалық деңгейінің төмендейтіні туралы айтады [14, 281]. Рефлексиялық оқыту туралы келесі маңызды пікірлер М. Georgiadi мен М. Parazafiri-ге тиесілі. Ғалымдар болашақ педагогтарды дайындауда бейнежазба, күнделік жүргізу, микросабак пен бірін-бір өзара бағалау секілді әдістерді пайдалану олардың маман ретіндегі сана-сезімін қалыптастыруға пайдасы тиетіні жайлы айтты. Аталған әдістердің арқасында педагогтар өзара маман ретінде бір-бірінің жауабын терең талдап,

зерттеп, пікір алмасатыны және соның арқасында болашақ мамандардың кәсіби дағдысы мен жауапкершілігінің артатынын көрсеткен [15, 5].

Аталған тәсілді қолдану арқылы педагог пен білім алушылардың жете алатын негізгі мақсаттары төмендегідей:

- білім алушының өзін-өзі тануы;
- оқу нәтижесін саралап, оқыту бағдарламасы негізінде қорытынды жасай алу қабілетін меңгеру;
- ұлттық құндылықтардың білім алушының жеке тұлға ретіндегі іс-әрекеті мен өміріндегі орны мен маңызын түсіндіру.
- Рефлексиялық оқыту тәсілдеріне:
- рефлексиялық күнделік;
- «Бес саусақ»;
- «Insert»;
- кері байланыс беру секілді тәсілдерді жатқыза аламыз.

Мысалы, «Наурыз мейрамы» тақырыбында сабақ өтілген соң білім алушылар осы тәсілді қолданып:

- бүгін не үйренгенін;
- Наурыз мейрамның маңызын;
- Наурыз мейрамында орындалатын қандай ғұрыптармен таныс екенін;
- өз отбасында аталған мерекенің қалай тойланатынын айтып, жеке тәжірибесімен бөлісіп, өз ой-пікірін білдіріп, онымен қоса өзге оқушылармен де тәжірибе алмасады.

Сабақ соңында білім алушылар жоғарыда берілген тәсілдерді қолданып, мұғалімге төмендегідей кері байланыс беруі мүмкін.

«Біз бүгінгі сабақта қазақтың төл мересі Наурыз туралы тың ақпараттар білдік. Наурыз – тең жаңа жыл бастауы емес, табиғат пен адамның жаңаруы, қоғамдағы барлық адам арасындағы берік қарым-қатынас пен сыйластықтың негізі екенін, бұл мейрамда орындалатын барлық салт-дәстүр мен ғұрыптың ерекше мәні мен мағынасы бар екенін, сонымен қатар бұл салт-дәстүрлерді сақтау мен жандандыру біздің ұлт ретінде борышымыз екенін түсіндік. Себебі жаһандану заманында салт-дәстүрін ұлықтап, сақтаған ұрпақ қана өз ерекшелігін жоғалтпай алға жылжи алады.»

- Наурыз мейрамын тойлаудың өзі үлкен бір салттың бөлігі екенін білеміз. Наурыз мейрамы келгенде, біз қазақ халқының ескіден келе жатқан Наурызнамасына сүйенеміз. Наурыз мерекесін тойлау 14-наурыз күні, көрісу күнін тойлаудан басталады. Халық арасында бұл мерекені «амал мерекесі» деп те атап жатады. Қақаған қыстан аман шыққан ккшпеді халқымыз бір бірімен «Мал-жан аман ба?», «Бір жасың құтты болсын!» деп қуана көрісетін болған. Амал мерекесінен соң ары қарай «Қайырымдылық күні», «Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні», «Шаңырақ күні», «Ұлттық киім күні», «Жаңару күні», «Ұлттық спорт күні», «Ынтымақ күні», «Жыл басы», «Тазару күні» деп Наурызнамаға ұлттық құндылықтарымызды дәріптеуді мақсат етіп, осы аталған мерекелер мен күндерді қосқан.

- Біздің отбасымызда Наурыз мейрамына ерекше көңіл бөлінеді. Мереке күндері біз көптен көріспеген туысқандарымызды шақырып, үлкен отбасымызбен жиналып, бір-бірімізбен көрісеміз. Барлығымыздың басымыз біріккенде Наурыздың символы болып кеткен Наурыз көжені дайындап, мол дастархан жаямыз. Түрлі ойындар ойнап, отбасылық серуенге де шығамыз. Әрине, міндетті түрде қаламзда Наурыз мейрамының құрметіне ұйымдастырылып, өтетін мерекелік бағдарламаны тамашалаймыз.

Сонымен, рефлексиялық оқыту ұлттық құндылықтарды оқытуда білім алушылардың өз тәжірибесін зерделеп, алған теориялық білімін саналы түрде бағалап, саралауына мүмкіндік беретін технология. Аталған тәсілдің арқасында білім алушылар берілген ақпаратты тек қабылдап қана қоймай, алған білімін күнделікті өмірімен байланыстырып, ішкі ұстанымына айналдырады. Осындай ішкі талқылардың арқасында білім алушылардың бойында өзін-өзі тыңдау, түсіну, ой қорыту дағдылары дамып, ұлттық құндылықтардың мәнін ұғынып, өзінің өмірлік ұстанып етіп алуға бейімделеді.

Диалог негізінде оқыту дегеніміз білім алушылардың өзара ой-пікір алмасуы арқылы білім алып, жаңа ақпаратты, оның ішінде ұлттық құндылықтарды меңгеруіне негізделген технология. Диалогтық оқытудың белгілі бір орта, мәдениет пен ұлттық, сонымен бірге жас ерекшеліктеріне қарай бейімделуі өте маңызды. Бұл туралы С. Құнанбаева мынандай пікір білдіреді: «Қарым-қатынастағы серіктестіктің әлеуметтік-рухани және ұлттық ерекшелігін білу, осы этнос мәдениетінің бірегей ерекшеліктерінің сол тілінде бейнеленуі, тілдің мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде толық пайдаланылуын қамтамасыз етеді және қарым-қатынасқа түсушілердің өзара түсінісудің міндетті шарты.» [16, 17]. Яғни белгілі бір тақырыпта диалог бастамай тұрып, диалог барысында айтылатын ақпаратты, диалогтың оқыту кезінде қолданылатын тәсілдерді, берілетін аргументтердің барлығын білім алушылардың, былай айтқанда алдымыздағы тыңдаушы аудиторияның жастық, тілдік пен қабылдау ерекшеліктеріне сай тандап алып барып, ұсыну жасалатын жұмыстың сапасы мен берілетін білімнің дұрыс қабылдануы үшін маңызды.

Педагогтың аталған технологияның көмегімен ұлттық құндылықтарды оқыту барысында жете алатын мақсаттарын төмендегідей бірнеше топтарға біріктіре аламыз:

- білім алушылар арасында өзара пікір алмасу мәдениетін қалыптастыру;
- берілген тақырыпты, оның ішінде ұлттық құндылықтарды өзара талқыға салу арқылы түсініп, меңгеруге жағдай жасау;
- кез-келген тақырып бойынша ой-пікір білдірмес бұрын сыни ойлап, анализ жасаудың мағынасын түсіндіру.

Жоғарыда көрсетілген технология негізінде құрылған білім беру бағдарламасын мынандай тәсілдер арқылы жүзеге асыра аламыз:

- сұрақ-жауап;
- пікір алмасу;
- пікірталас;
- топтық талқылау;

- дебат;
- «Ойлан+жұптас-бөліс».

Мысалы, «Қонақжайлылық – қазақ халқының басты құндылығы» деген тақырып берілсе, жоғарыда берілген тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылар:

- бірнеше топқа бөлініп, пікір алмасады;
- әрбір топ тақырып бойынша өз пікірлерін білдіріп, айтылған ойларын дәлелдейді;
- ұлттық салт-дәстүрлеріміз бен ұлттық құндылықтарымыздың бүгінгі қоғамдағы маңызы талданады.

Сабақ барысында білім алушылар жоғарыда аталған пікір алмасу тәсілдерін пайдаланып, төмендегідей ой-пікірлерді ұсынуы мүмкін.

- Қонақжайлылық – қазақтың қанына сіңіп, талай ғасырлар бойы өшпестен, тек жанданып, жаңарып келе жатқан қасиет. Қазақ қонағын құт деп санаған, қонағын сыйлап, әрдайым төрінен орын берген, ең дәмді асын ұсынып, күткен. Қазақтың бұл қасиетін қиын қыстау соғыс заманында да жоғалтпаған, жылдар бойы сақтап, өзімен алып өткен. Бүгінгідей жаһандану заманында жа осындай қанға сіңген қасиетімізді жоғалтпай, керісінше дәріштеп, танытып, әрі қарай да келесі ұрпаққа жеткізуіміз маңызды.

- Қонақжайлылық қазақтың қаны мен менталитетіне соншалықты сіңіп, ажырамас бөлігі болып кеткенін, қазақтың ойлау, сөйлеу, мақал-мәтелі мен даналық сөздерінің ерекшелігінен ақ байқауға болады. Мысалы, күтпеген қонақ туралы орыс халқы «незванный гость - шақырылмаған қонақ» тіркесін қолданса, қазақ халқы «Құдайы қонақ», «Қырықтың бірі – Қыдыр», «Қонақ келсе құт-береке келеді» деген секілді тіркестерді қолданған. Дәл осы жерден ақ қазақ халқы үшін қонақтың орны бөлек екенін, ал қонақжайлық қазақпен бірге туатын қасиет екенін байқай аламыз.

Диалог негізінде оқыту ұлттық құндылықтарды меңгеру барысында білім алушыларды еркін ойлауға, өз пікірін ашық білдіруге және өзге адамдардың жеке пікірі мен көзқарасын құрметтеуге баулу үшін қолдануға болатын технология. Осы технология негізінде білім алушылар оқу үдерісі барысында ұлттық құндылықтар мен мәдени ерекшеліктерді талқылау барысында терең түсініп, саналы түрде қабылдай алады. Осылайша, білім алушылардың теориялық білімді меңгеру дағдысы ғана емес, сонымен қатар сөйлеу мәдениеті, сыни ойлау қабілеті мен өз пікірін дәлелмен жеткізу дағдылары дамиды. Нақтырақ айтсақ, диалог негізінде оқыту технологиясының арқасында білім алушы әртүрлі пікірлерді салыстыра отырып, ұлттық құндылықтардың маңызы мен мәнін жан-жақты ашып, бүгінгі қоғамдағы орнын айқындайды.

Ынтымақтастық педагогикасы дегеніміз білім алушы мен педагог арасындағы бір біріне деген өзара құрмет пен сенімге негізделі отырып жүргізілетін бірлескен оқыту әрекеті. Бұл педагогикалық әдіске ғалымдар әртүрлі анықтама береді. Аталған терминге анықтама берген ғалымдардың пікірлерін М.Д. Мурзагулов өзінің «Ынтымақтастың педагогикасының

студенттердің тұлғалық дамуындағы рөлі» мақаласында төмендегідей кестеге жинақтаған (1-кесте) [17, 102]:

1-кесте – Ынтымақтастық педагогикасы туралы ғалымдар пікірі

Авторлар	Ұқсастық белгілері	Анықтамалары
Г.К. Селевко	Ынтымақтастық, балалар мен үлкендердің өзара бірлескен қызметі	Үлкендер мен балаларды бір-бірінің рухани әлеміне апаратын, өзара түсіністікке құрылған өзара даму іс-әрекеті (Селевко, 2006). [5]
Г.М. Коджаспирова	Гуманизм	Ынтымақтастық педагогикасының негізгі ережелері мәжбүрлемей оқыту, еркін таңдау, өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау арқылы сыныпта тұлғалық дамудың жоғары интеллектуалдық көрінісін беру (Коджаспирова, 2005) [6]
Г.А. Андреева, Г.С. Вяликова, И.А. Тютикова	Шығармашылық	Оқушыларды мұғалім мен оқушының бірлескен шығармашылық жұмыстары арқылы оқыту үдерісіне тартатын педагогикалық тұжырымдама. (Андреева, 2005) [7]
Л.С. Выготский	Тұлғаның дамуы	Ынтымақтастықта бала біреудің көмегі арқылы қиын тапсырмаларды орындай алады. Ол мұнда күшті, ақылды болып көрінеді (Выготский, 1982). [8]
Н.А. Жокина	Өзін-өзі дамыту	Ынтымақтастық субъектілердің өзін-өзі дамытуына бағдарланған когнитивті, мінез-құлықтық, аксиологиялық іс-әрекеттерінің жиынтығы (Жокина, 1996). [9]

Ынтымақтастық педагогикасы білім беру саласының жаңа бөлімі ретінде өткен ғасырдан бері ғана ғылыми айналымға еніп келеді. Жалпы орта білім беретін мектептер, білім алушылар мен ата-ана арасында жақсы қарым-қатынас орнатып, дамыту үшін аталған технология негізінде біршама еңбектер жазылды. Мысалы, Г.К. Байделдинованың «Болашақ ұстаздарды отбасы мен мектептің ынтымақтастығын ұйымдастыруға дайындаудың ғылыми-теориялық негізі», Қ.Т. Әтемованың «Оқушыларға гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы», Ш.М. Шүйіншинаның «Оқушылардың білім сапасын арттырудағы отбасы мен мектептің бірлігінің педагогикалық шарттары» еңбектері [17, 101-102]. Аталған зерттеу жұмыстары білім беру орны, білім алушы мен білім алушылардың ата-анасы арасында ынтымақтастық орнатудың маңызы мен мәнін зерттеп, аталған ынтымақтастыққа негізделген қарым-қатынастың ұлттық құндылықтарды оқыту мен жалпы берілетін білім сапасының артуына септігін тигізетіндігін дәлелдеп отыр.

Ынтымақтастық педагогикасын ұлттық құндылықтарды оқыту барысында қолдана отырып жетуге болатын негізі мақсаттар мынадай:

- оқу үдерісі барысында білім алушыға отбасы, білім беретін ұйым мен педагог тарапынан жайлы психологиялық орта қалыптастыра білу;
- білім алушыларды өзара бірлесе нәтижелі жұмыс жасай білуге дағдыландыру;
- ұлттық құндылықтарды ата-ана, білім беруші ұйым мен педагогтардың бірлесе орындаған ұжымдық әрекеті арқылы меңгерту.

Жоғарыда аталған ынтымақтастық педагогикасы арқылы қол жеткізуге болатын мақсаттарға жету үшін төмендегідей тәсілдерді оқу бағдарламасына қоса аламыз:

- топтық жұмыс;
- бірлескен жобалар жасау;

- шығармашылықты шыңдайтын тапсырмалар;
- рөлдік ойындар.

Мысалы, оқу бағдарламасында «Қазақтың ұлттық салт-дәстүрлері» таауырыбында жұмыс жасау қажеттілігі көрсетілсе, білім алушылар жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып:

- өзара бірлескен топтарға бөлінеді;
- әр топ өзіне берілген немесе таңдалған бір ұлттық дәстүрді зерттеп, басқа білім алушыларға таныстырады;
- өздері зерттеген ұлттық дәстүр бойынша презентация жасайды немесе көрініс көрсетеді.

Сабақ барысында білім алушылар жоғарыда берілген ақпарат пен тәсілдерді пайдалана отырып, мұғалімнің бақылауымен төмендегідей қорытынды ой не презентация ұсынуы мүмкін.

- Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері халықтың көшпенді өмір салтына, тәрбие-тәліміне, ұлттық ерекшеліктеріне әбден бейімделген. Әрбір дәстүрдің астында жастарды таныстырып, табыстыру, жаңа түскен келінді келген жеріне сіңдіру, аяғы ауыр келіншектің не жаңа босанған ананың жағдайын жасау, туыс-туған, дос-жаран арасында берік қарым-қатынас құру, үлкенге ізет көрсетіп, кішіні құрметтеуді үйрету секілді үлкен таным жатыр. Мысалы, «Тұсаукесер» салты. Бұл салт енді жүре бастаған баланың қадамы нық болсын деген ниетпен орындалған. Кішкентайдың жолы ашылсын деген оймен жүріп өтетін жерге ақ мата, ақ жол төсеген. Ешкімнің ала жібін аттамасын деген ниетпен баланың аяғына ала жіп байлайтын болған. Ал ала жіпті тұсауы кесілгелі жатқан кішкентай бала сол кісіге ұқсасын деп тұсауын кесуге ел арасында сыйлы, беделді адамды таңдаған. Осы бір дәстүрдің өзінен ақ қазақ халқының әрбір салты мен дәстүрінің артында үлкен сыр, орындалу тәртібінің мәні бар екенін түсінуге болады.

Бінтымақтастық педагогикасы ұлттық құндылықтарды оқыту барысында білім алушыларды бірлесе әрекет етуге, бірін бірі өзара құрметтеуге және ортақ жауапкершілікке дағдыландыруға көмектесетін тиімді технология. Аталған тәсіл арқылы білім алушылар тек теориялық білім алып қана қоймай, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді ұжымда талқылап, тәжірибе жасау арқылы меңгереді. Соның нәтижесінде, білім алушылардың бойында топта жұмыс жасау, пікір алмасу, бірге ортақ шешім қабылдау секілді дағдылар қалыптасып, олардың тұлға ретіндегі әлеуметтік және мәдени құзыреттілігі артады.

1.2 Құзыреттілікке негізделген технологиялар

Құзыреттілікке негізделген технологиялар – білім алушының тек теориялық білімін ғана емес, алынған білімді өмірде кездесетін түрлі жағдаяттарда қолдана білу қабілетін дамытуға бағытталған оқыту жүйесі. Аталған жүйені ұлттық құндылықтарды оқытуда қолдану тиімді шешім, себебі білім алушы оқу үдерісі барысында алған теориялық білімін күнделікті өмірде қолданып, практикалық тұрғыда іске асыруға, яғни ұлттық құндылықтарды қарапайым өмірдің бір бөлігі ретінде қарастыратын болады. Бүгінде құзыреттілікке негізделген түрлі технологиялардың басында «құзыреттілік» ұғымын ғылыми

айналымға енгізген Н. Хомский мен тәжірибелік оқыту идеясының негізін салып, осы бағытта зерттеудер жасаған ғалым Дж. Дьюн тұр. Құзыреттілік ұғымына ғалымдар тарапынан берілетін түрлі анықтамаларды Ж. Жақсыбекова өз мақаласында төмендегідей топтастырады (2-кесте) [18]:

2-кесте – «Құзыреттілік» ұғымына берілген анықтамалар

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК -				
алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі.	адамның жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекеттеріне қажетті білім дайындығына әлеуметтік сұраныс.	сәйкес құзыретке ие болу негізінде іс-әрекетті жүзеге асыру қабілеті арқылы байқалатын тұлғалық қасиет немесе тұлғаның өзара байланысқан қасиеттерінің жиынтығы.	тұлғаның қойылған мақсаттарға жету үшін ішкі және сыртқы ресурстарды тиімді іске асыруға дайындығы.	тұлғаның қызметке өзбетімен әрі үздік араласуға бағдарланған жалпы қабілеттілігі, оның оқуы және әлеуметтенуі барысында алған білімдері мен тәжірибесіне негізделген іс-әрекетке дайындығында көрініс беретін кіріктірілген сапасы.

Құзыреттілікке бағытталған технологияларды оқыту үдерісінде пайдалана отырып, қол жеткізу мүмкін болатын мақсаттар қатары:

- білім алушыларға ұлттық құндылықтарды практикалық әрекет, яғни практикалық тапсырмалар, өмірлік жағдаяттар арқылы меңгерту мүмкіндігі;
- алынған теориялық білімді өмірлік жағдаяттарда қолдана алу дағдыларын қалыптастыру;
- әлеуметтік, коммуникативтік, сонымен қатар мәдени құзыреттілікті дамыту;
- білім алушының оқу үдерісінде орындалатын іс-әрекеттерде дербестігін, жауапкершілігін арттыру;
- ұлттық құндылықтар мен ұлттық мәдениетімізді жаһандану замаманда өмір сүретін қоғаммен байланыстыру.

Жоғарыда аталған құзыреттілікке бағытталған технологияларды педагогтың оқу бағдарламасында қолдануы арқылы білім алушыларда:

- өмірлік дағдылар, ағылшынша айтқанда «soft skills» қалыптасады;
- ұлттық құндылықтарды өз тәжірибесінде нақты іс-әрекеттер арқылы меңшереді;
- практикалық тапсырмаларды орындау барысында туындауы мүмкін мәселелерді талдау, шешу, шешім қабылдау қабілеті дамиды;
- әлеуметтік белсенділігі артады;

- ұлттық құндылықтарды қоғамдағы іс-әрекеттермен байланыстыра алатын болады.

Аталған құзыреттілікке негізделген технологияны оқу үдерісінде іске асыру үшін төмендегідей тәсілдерді пайдалана аламыз.

1. Кейс-стади (Case-study) – теория жүзінде алған білімді нақты іс-жүзінде түрлі іс-әрекеттерді орындау арқылы тереңірек түсініп, бекітуге арналған тәсіл. Кейс-стади тәсіліне қатысты алғашқы ақпараттар ғылыми айналымға 2001 жылы енген. Осы жылы американдық зерттеуші-ғалымдар Дж. Эткинсон пен Й. Уилсон бірігіп «Стратегический маркетинг. Ситуации. Примеры» еңбегін жазып шықты. Дәл осы еңбекте кейінірек кейс-стади тәсіліне негіз болған «ситуациялық тапсырмалар» ұғымы алғаш рет кездесті. Кейс-стади тәсілін зерттеп, дамытқан ғалымдар өз еңбектерінде аталған тәсілдің бірнеше атау нұсқасын қатар қолданып, олардың арасына мағыналық шекара қоймай, әр терминді контекстке қарай пайдаланған. Мысалы, шетелдік дереккөздерде «кейс-стади» терминімен қатар «жағдайды талдау», «жағдай әдісі», «кейс-тәсіл» ұғымдары да кездесе береді. Кейс-стади тәсілі алғаш рет Harvard Business School тәжірибесінде кеңінен қолданыла бастап, кейінірек педагогика саласына еніп, бүгінде білім беру үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып отырғанын білеміз.

Кейс-стади тәсілі бойынша кейске, яғни жағдаятқа қойылатын талаптардың берілетін жағдаятқа өткен ғасырда негізделіп ұсынылған талаптардан үлкен айырмашылығы жоқ.

- Кейс орта есеппен 10-25 беттік мәтіннен және 5-10 беттік қосымша ақпараттан тұрады;

- кейс ойдан шығарылмай, нақты өмірлік оқиға немесе ситуативтік жағдайға негізделіп құралған жағдайда сапалы болып есептеледі;

- кейс білім алушылардың өзіне берілген өмірлік жағдаяттарда басты кейіпкер рөліне еніп, бір немесе бірнеше шешім қабылдауын талап етуі керек;

- кейсте берілген өмірлік жағдаятқа қатысты толық көлемді ақпарат берілмеуі тиіс [19, 45].

Аталған кейс-стади тәсілінің ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрді оқытуда тиімділігі жоғары. Себебі кейс-стади тәсілі бойынша ұлттық және мәдени ерекшеліктерді тек теория жүзінде ғана емес, нақты өмірлік жағдаят контекстінде қарастырып, зерттеуге мүмкіндік береді.

Аталған оқыту тәсілін білім беру үдерісінде қолдана отырып төмендегідей мақсаттарға қол жеткізе аламыз:

- ұлттық құндылықтар мен олардың маңызын нақты өмірлік жағдаяттар арқылы түсіндіру;

- білім алушылардың талдау, салыстыру және шешім қабылдау дағдыларын дамыту;

- білім алушылардың бойында әлеуметтік және мәдени мәселелерге қатысты сыни қозқараса қалыптастыру;

- білім алушыларды белсенді түрде пікір айтып, өз ойын дәлелдермен білдіру қабілеттерін дамыту.

Жоғарыдағы мақсаттарға жету үшін кейс-стади әдісіне негізделген мынандай тәсілдерді оқу үдерісінде қолдана аламыз:

- нақты өмірлік немесе модельденген жағдайларға негізделген жағдаяттық тапсырмалар;

- топтық талқы мен талдау жұмыстары;
- пікірталас, дебат;
- рөлдік ойын элементтері;
- берілген мәселелерді шешу бойынша шешімдер ұсыну және өз көзқарасын дәлелдеу;

Кейс-стади тәсілін қолдана отырып, оқу бағдарламасын жүргізу үдерісі мынандай кезеңдерден тұрады:

1. *Кейсті ұсыну* – педагог оқушылар мен студенттерге нақты өмірлік немесе модельденген жағдаят дайындап береді.

2. *Мәселені анықтау* – білім алушылар таңдалған жағдаятта берілген негізгі мәселені анықтайды.

3. *Талдау* – анықталған мәселенің туындау себебі мен салдарын анықтап, өзара байланысын табады.

4. *Шешім ұсыну* – берілген жағдаяттық мәселені шешу үшін студенттер мен оқушылар бірнеше шешім дайындайды.

5. *Талқылау және қорытынды* – берілген жағдаяттың ерекшеліктеріне сай келетін ең үздік шешімді таңдап, ортаға шығарады.

Кейс-стади тәсілін қолдана отырып жұмыс жасаған жағдайда, жоғарыдағы мақсаттарға жетіп, төментегідей нәтижелерге қол жеткіземіз:

- білім алушылар ұлттық құндылықтарымыздың өмірмен байланысын тереңірек түсінеді;

- қойылған мәселені жан-жақты талдап, зерттеу қабілеті дамиды;
- білім алушылардың топта жұмыс істеу, пікір алмасу дағдыларын дамытады;

- бір мәселе төңірегінде әртүрлі көзқарастарды салыстырып, сол көзқарастарға негізделген шешім қабылдауды үйренеді;

- білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілігі артады.

Мысалы, білім алушыларға «Қазіргі қоғамда үлкенді сыйлау дәстүрі сақталып отыр ма?» деген кейс ұсынылады. Білім алушылар өз кезегінде:

- мәселені талдайды;
- мәселенің пайда болу себептерін анықтайды (отбасылық тәрбие, әлеуметтік орта, медиа әсері);
- білім алушылар өз араларында туындаған әртүрлі көзқарастар мен пікірлерді салыстырады;
- кейс тақырыбында берілген ғұрыпты сақтау жолдары бойынша түрлі шешімдер ұсынады (тәрбие жұмыстары, мектепшілік жобалар, отбасылық құндылықтарды насихаттау).

Сабақ барысында білім алушылар жоғарыда берілген ақпарат пен тәсілдерді пайдалана отырып, төмендегідей қорытынды ой-пікірлерін ұсынуы мүмкін.

- Қазақ халқы үлкенге құрмет, кішіге ізет танытып, алдына келген адамның қоғамдағы рөлі мен әлеуметтік дәрежесіне қарамастан барлық адамды бірдей дәрежеде сыйлаған. Бұл сөзімге қазақ халқының көнеден келе жатқан мақал-мәтелдері мен даналық сөздері дәлел бола алады. Мысалы, «Алыстан алты жасар бала келсе, алпыстағы қария сәлем береді». Алайда уақыт өте, жаһандану заманы табалдырығымызға аяқ тірегенде өзімен бірге қазақ халқының ойлау жүйесіне, менталитетіне сай келмейтін тұжырымдарды ала келді. Сол себепті де, отбасылық тәрбиенің негізі өзгеріп, бүтін бір халықтың ерекшелігі жойылып бара жатқандай. Алайда қазақ халқының ұлт ретінде сақталғанын қаласақ, дәл осы үлкенді сыйлау секілді кішкентай ғұрыптарымызды сақтап, келер ұрпаққа дәріптеуіміз керек. Себебі бір қарағанда ұлттық санамыз бен ерекшеліктерімізді сақтауда үлкен рөл атқармайтындай көрінетін дәл осындай кішкентай ғұрыптар мен салт-дәстүрлеріміз біздің ұлт ретінде сақталып, жассай беруімізді берік қазығы.

Қорытындылай келе, кейс-стади тәсілі ұлттық құндылықтарды оқытуда білім алушыларды оқу үдерісіне белсенді түрде ат салысып, пікірлесуді, практикалық тұрғыда кездесетін мәселерді талдап, шешуді және кез-келген жағдаят пен мәселе бойынша өз көзқарасын дәлелдеуді үйрететін тиімді құрал. Бұл әдістің көмегімен білім алушылар ұлттық құндылықтар мен дәстүрлердің маңызын терең түсініп қана қоймай, оларды бүгінгі қоғамда қолданып, жандандыру жолдарын үйренеді.

2. *Жобалап оқыту технологиясы (Project-based learning)* – білім алушылардың белгілі бір мәселе төңірегінде зерттеу жүргізіп, нақты нәтиже не өнімге қол жеткізуіне көмектесетін оқыту технологиясы. Оқу үдерісі барысында аталған технологияны қолдану арқылы оқушы тек білім алушы ғана емес, зерттеуші, талдаушы, өнім жасаушы рөліне де ене алады. Жобалап оқыту технологиясын білім беру үдерісінде қолдану маңызын тереңірек түсіну үшін аталған терминнің құрамындағы «жоба» бірлігіне мән беруіміз керек. Аталған тілдік бірлік латынның «projectus» сөзінен шығып, «алдыға жіберілген» мағынасын береді. Яғни жоба дегеніміз белгілі бір идеяны алдағы уақытта жүзеге асыруға бағытталған, алайда әлі толық қалыптаспаған нысанның нобайы немесе бастапқы бейнесі. Жобалау оқыту технологиясы тәсілінің теориялық негізін ағылшын ғалымдары Дж. Дьюи мен ғалымның ізбасары У. Килпатрика салып кеткен. Ғалымдар өз зерттеулерінде кімге болса да берілетін теориялық білімді күнделікті өмірмен байланыстырып, тәжірибе арқылы меңгерту қажеттілігін атап өткен. Жоба әдісінің ерекшелігі ретінде білім алушылардың өздеріне берілген белгілі бір мәселені кешенді түрде шешуіне бағытталуында. Білім алушылар осы үдеріс барысында әртүрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, түрлі ресурстардан алған білімін өзара байланыстыруды үйренеді. Нәтижесінде, білім алушылар тек теориялық пәндік білім ғана емес, зерттеу жүргізу, ақпаратты талдау және жүйелеу, шешім қабылдау, жобалау секілді маңызды дағдыларды меңгереді [20, 367].

Жобалап оқыту технологиясын оқу үдерісін енгізу арқылы педагог мынандай мақсаттарға қол жеткізе алады:

- білім алушылардың ұлттық құндылықтарды зерттеп және талдауы арқылы терең меңгерту;
- білім алушылардың шығармшылық, зерттеушілік қабілеттерін дамыту мүмкіндігі;
- білім алушылардың өз бетінше ақпарат жинап, жиналған ақпаратпен жұмыс істей алу дағдыларын қалыптастыру;
- ұлттық құндылықтар мен мәдениетке деген қызығушылық пен құрметке баулу;
- білім алушылардың берілген теория мен практиканы байланыстыра алуы;

Жобалап оқыту технологиясын жүзеге асырып, жоғарыда берілген мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей түрлері мен тәсілдерін қолдануға болады.

1. Зерттеу жобасы (тақырыпты ғылыми бағытта талдау, әдебиеттермен дереккөздермен жұмыс істеу).

2. Шығармашылық жоба (бейнеролик, көрініс, презентация, макет жасап, жиналған ақпаратты жинақтау).

3. Әлеуметтік жоба (өзекті қоғамдық мәселені сауалнама жүргізу, сұхбат алу секілді тәсілдер арқылы тауып, сол мәселені шешуге бағытталған жұмыс жүргізу).

4. Ақпараттық жоба (белгілі бір тақырып төңірегінде ақпарат жинақтап, қажетті тұлғаларға таныстыру).

5. Практикалық жоба (өздеріне берілген не өздері таңдаған мәселені шешуге бағытталған, тақырып бойынша қысқаша ақпарат постер, кітапша секілді нақты өнім шығару).

Жобалап оқыту технологиясы бойынша белгілі бір тақырыпты оқыту барысында дайындалатын жобаны жасау, жобалау мынандай кезеңдерден тұрады:

1. Мәселені анықтау – мұғалім ұсынған не білім алушылардың өзіне қызық тақырыптар арасынан зерттеу тақырыбын таңдау.

2. Жоспар құру – жобалау барысының мақсатын белгілеп, топ мүшелерінің міндеттерін анықтап, жобалау барысында қолдануды жоспарлап отырған әдіс-тәсілдерді жинаптап алу.

3. Зерттеу жүргізу – білім алушылардың таңдалған тақырып бойынша ақпарат іздеу, жинау және талдауы.

4. Өнім дайындау – жасалған жұмыстың нәтижесінде дайын жобаны талаптарға сай рәсімдеу.

5. Қорғау және бағалау – дайын болған жобаны белгілі бір топ алдында таныстыру, жасалған зерттеу нәтижелері бойынша зерттеу жұмысын қорытындылау.

Оқыту үрдісінде жобалап оқыту технологиясын, сонымен қатар жоғарыда көрсетілген мақсаттарды негізге алып, берілген әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мынандай нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- білім алушылардың бойында зерттеу жұмысын жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу дағдылары қалыптасады;
- білім алушылар ұлттық құндылықтарды тек теориялық емес, тәжірибелік деңгейде меңгереді;
- шығармашылық ойлау және өз бетінше шешім қабылдау, саралау секілді маңызды қабілеттері дамиды;
- көпшілік алдында сөйлеп, өз ойын, өз жобасын, өз еңбегі мен пікірін қорғау дағдылары жетіледі;
- топпен жұмыс жасау, жауапкершілік таныту, уақытты тиімді басқару дағдылары қалыптасады.

Мысалы, оқыту үдерісі барысында «Наурыз мейрамының тәрбиелік мәні» тақырыбында жоба дайындау тапсырмасы берілер болса, білім алушылар өз бетінше:

- ұлттық мерекенің тарихы мен мәнін зерттеп, әлеуметтік жоба дайындайды;
- өзара Наурыз мерекесінде орындалатын көрісу, наурыз көже дайындау секілді салт-дәстүр мен ғұрыптардың тәрбиелік аспектілерін талдайды;
- аталған мерекенің қоғам үшін маңызды бірлік, татулық, жаңару идеясын алып жүретінін көрсетеді;
- зерттеу мазмұнына қарай белгілі бір топпен сауалнама жүргізу не сұхбат алу арқылы адамдардың берілген тақырыпқа қатысты көзқарасы мен пікірін анықтайды.
- зерттеу жұмысының нәтижесінде дайын болған жобаны презентация, бейнеролик, постер форматында әрлеп, көпшілік алдында қорғайды.

Қорытындылай келе, жобалап оқыту технологиясы ұлттық құндылықтарды ғана емес, басқа да кез-келген тақырыпты меңгерту барысында білім алушыларды пассивті тыңдаушы ғана емес, белсенді зерттеушіге айналдырып, теориялық сабақтарда алған білімін өз тәжірибесімен ұштастыруға мүмкіндік береді.

3. *Проблемалық оқыту технологиясы* білім алушылардың алдында дайын ақпаратты беріп қана қоюдың орнына тақырыпқа қатысты сұрақ қою арқылы сол тақырып бойынша өздігінше ойланып, ізденіп, қорытынды жасауды үйретеді. Аталған технологияны қолдана отырып ұйымдастырылған оқу үдерісінде оқушы – белсенді түрде ізденуші рөлінде болса, мұғалім – сол ізденушіге бағыт беруші рөлінде болады. Проблемалық оқыту технологиясының теориялық негізі ғалым Ж. Брунердің еңбектерінде көрініс тапқан. Ол өз зерттеулерінде білім алушыларға ақпаратты дайын күйде берудің орнына, білім алушының ақпаратты өз бетінше тауып, зерделеуіне мүмкіндік берудің маңызын көрсеткен. Кейінірек проблемалық оқыту технологиясына қатысты еңбектер қатарын Г.И. Ибрагимов, В.Т. Кудряцев, И.Я. Лернер, М.Н. Скатин, М.И. Махмутов, Л. А. Воловичич сияқты ғалымдар толықтырып отырған.

Педагог проблемалық оқыту технологиясын оқу үдерісіне енгізу арқылы білім алушылармен бірге мынандай мақсаттарға қол жеткізе алады:

- білім алушыларды бойында сыни ойлау мен шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту;

- ұлттық құндылықтардың мәні мен маңызын тереңірек түсіндіріп, меңгерту;

- білім алушыларға берілген мәселені өз бетінше талдап, саралап, ең тиімді жолмен шешуді үйрету;

- білім алушылардың танымдық қызығушылығын арттыру;

- берілген теориялық білімді өмірде кездесетін жағдаяттармен байланыстыра алу.

Сабақ барысында жоғарыда жіктелген мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей тәсілдерді қолдана аламыз:

- проблемалық сұрақтар қою;

- болжам (гипотеза) жасау;

- зерттеу мен ізденіс жұмыстарын жүргізу;

- ұсынатын пікірін дәлелдеу және негіздеу;

- басқа білім алушылармен пікірталас ұйымдастыру;

- пайда болған шешімдер мен жауаптарды салыстыру және талдау.

Аталған технология бойынша оқу үдерісін құру мынандай кезеңдерден тұруы мүмкін:

1. Проблемалық жағдай туғызу – білім алушыға қызықты, ойландыратын сұрақ қою.

2. Мәселені анықтау – қойылған сұраққа қатысты негізгі мәселені анықтау.

3. Болжам ұсыну – анықталған мәселені шешуі мүмкін шешімдерді алдын ала болжап, ұсыну.

4. Зерттеу және талдау – ұсынылған шешімдерге қатысты дәлелдер жинақтау.

5. Қорытынды жасау – ұсынылған шешімдер арасынан ең тиімдісін анықтау.

Мысалы, мұғалім білім алушыларға «Кейбір ұлттық дәстүрлердің жас ұрпақтың арасында ұмытылып бара жатуының себебі неде?» деген проблемалық сұрақ ұсынса, білім алушылар өз кезегінде:

- берілген проблемалық сұрақтың себебін анықтау үшін өз болжамдарын ұсынады (жаһандану тенденциясының әсері, отбасылық тәрбиенің ақсаңдауы, ақпараттық ортаның ықпалы);

- ұсынылған себебінің негізінде нақты мысалдар мен дәлелдер келтіреді;

- басқа білім алушылар ұсынған пікірлер мен дәлелдерді өзара салыстырып, саралайды;

- бастапқыда берілген мәселені шешу жолдарын ұсынады (тәрбие жұмыстары, білім беру мазмұнын жаңарту, медиа құралдар арқылы насихат жасау).

Жоғарыда аталған тәсілдерді қолдана отырып, ұлттық құндылықтардан бөлек кез-келген тақырыпты оқыту арқылы педагог білім алушылардың мынадай нәтижелерге қол жеткізуіне септігін тигізеді:

- білім алушылардың бойындағы логикалық ойлау, мәселені талдау, өз ойын дәлелдеу секілді дағдылар ары қарай да дамиды;

- ұлттық құндылықтарды үстіртін ғана емес, терең түсініп, талдайды;
- танымдық қабілеті арттып, өз бетінше дербес шешім қабылдай алады.

Проблемалық оқыту технологиясы бойынша аталған тәсілдер мен жұмыс кезеңдерін негізге ала отырып, білім алушы төмендегідей шешім ұсынуы мүмкін.

- Қазақ халқының өмір сүру салты өзгеруі себепті, қазақ үшін маңызды, көшпенді өмірінің ажырамас бір бөлігі болып кеткен кейбір салт-дәстүрлер мен ғұрыптар өзгеріске ұшырап, кейбірі тіпті ұмытылып та бара жатқаны жасырсын емес. Мысалы, бала қырқынан шыққанда орындалатын «ит көйлек» салтын бүгін де көп кездестіре бермейміз. Алайда бұл қырқынан шыққан бала үшін жасалатын игі салт қана емес, басқа балалардың да басын қосып, қуынш сыйлайтын дәстүр болған. Осындай дәстүрлерімізді жаңғыртып, қайта айналымға енгізу үшін оқу-тәрбие жүйесін жаңартып, ғұрыптарымызды белгілі бір пәннің шеңберінде ғана емес, жалпы оқу бағдарламасының негізі бөлшегі ретінде алуымыз керек.

Проблемалық оқыту технологиясы ұлттық құндылықтар туралы ақпарат беріп қана қоймай, нақыт кезеңдерде сақтау мен жаңғырту жолдарын ұсына алатын болады. Сонымен қатар білім алушы кез келген проблемалық сұрақ туралы кеңірек ойланып, жан-жақты талдап, өз бетінше мәселені шешуге көмектесетін түйінді табуға дағдыланады. Мұндай қажетті дағды оқушылар мен студенттердің болашақта сыни ойлап, өз бетінше әрекет ете білуге үйретеді.

2.2 Ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын инновациялық әдістер

Оқу үдерісін құру барысында ұлттық құндылықтарды тереңірек меңгере білуіміз үшін білім берудегі дәстүрлі әдіс-тәсілдермен қатар инновациялық оқыту тәсілдерін қолдану маңызды факторлардың бірі. Алайда инновациялық әдіс-тәсілдердің түрлеріне тоқталмас бұрын, «инновациялық әдіс-тәсіл» деп қандай әдіс-тәсілдерді атайтынымызды анықтап алуымыз керек.

«Инновация» ұғымының түп тамыры мәдениеттанушы ғалымдардың еңбегіне барып тіреледі. Аталған терминді мәдениеттанушы ғалымдар бір мәдениет үлгісін екінші ел мәдениетіне енгізу үдерісінің атауы ретінде қолданған. Алайда аталған термин аз уақыт ішінде «жаңалық енгізу», «жаңарту» мағынасында ғылымның барлық саласына еніп кетті. Соңғы жылдары кеңінен пайдаланып жүрген «инновация» ұғымына қазақ ғылымында қазақ тілінде алғаш анықтама берген ғалым Н. Нұрахмет болатын. Ғалым аталған ұғымға педагогика, яғни білім беру саласы мағынасы жағынан мынандай анықтама береді: «инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз білім беру мекемелерінің жаңалықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі». Ғалым Н. Нұрахмет «инновация» ұғымы не үдерісі білім беру мазмұны мен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда, әдістеме мен технологияда, мектептегі басқару жүйесін ұйымдастыруда қолданылады деп анықтаған [21, 83]. Ғалым инновация үдерісін бірнеше топқа бөледі:

1. жеке – дара, бір-бірімен байланыспаған үдеріс;
2. модульдік – кешенді, бір-бірімен байланысқан үдеріс;
3. жүйелі – жалпы мектепті толық қамтитын үдеріс.

Білім беру үдерісі кезінде инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы педагог дәстүрлі бағалау, тапсырма беру, тексеру секілді міндеттерінен алыстап, білім алушылардың өз бетінше зерттеу жасап, ізденіп, нәтиже шығаруына жағдай жасайды да, педагог өзінің негізгі рөлі ретінде білім алушының жұмыс барысын бақылап, қажет кезде бағыт-бағдар беруді алады.

Инновация үдерісінің жалпы түрлеріне тоқталар болсақ, олардың модификациялық, комбинаторлық және радикалдық деп үш топқа бөлінетінін көреміз [21, 83]. Бұлардың әрқайсысы жалпы инновация үдерісінен бөлек, білім берудегі инновация үдерісінің де негізгі бола алады.

1. Модификациялық үдеріс – бұрыннан қолданылып келе жатқан актуалды дүниені дамытып, өзгерту. Бұл үдеріс түріне қазір оқытуда пайдаланылып келе жатқан оқу бағдарламасын өзгертіп, ұлттық құндылықтар тақырыбына қатысты элементтерді енгізуді жатқыза аламыз.

2. Комбинаторлық үдеріс – бұрын әдістемелік негізде пайдаланылмаған идеяны алып, бір жаңа дүниені дәстүрлі әдістемелік үлгі негізінде құру. Бұл үдеріске мысал ретінде оқу бағдарламасына жаңааша технологияларды қосуды айта аламыз.

3. Толық инновация – білім беру үдерісіне мемлекеттік стандартты енгізу үдерісі.

Инновациялық оқыту әдістері білім алушылардың танымы мен оқу белсенділігін арттыра отырып, ұлттық құндылықтарды жаңаша, замануи форматта меңгеруіне мүмкіндік береді. Жоғарыда айтқанымыздай, инновациялық оқыту әдістерінің дәстүрлі оқыту әдістерінен басты ерекшелігі – білім алушының теориялық білімді пассивті түрде қабылдаушы ғана емес, оқыту үдерісіне белсене қатысып, зерттеу жасап, өз ойын қалыптастыра алатын тұлға дайындап шығу. Инновациялық тәсілдерді ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін ұйымдастыру барысында қолдану арқылы қол жеткізе алатын негізгі мақсатымыз:

- Мәдениетімізді жаңаша технологияларды қолдана отырып оқыту, меңгерту;
- білім алушылардың шығармашылық, сонымен қатар сыни ойлау қабілеттерін дамыту;
- оқушылар мен студенттердің бойында цифрлық және коммуникативтің дағдыларды қалыптастыру;
- ұлттық мәдениетіміз бен құндылықтарымызды қазіргі қоғамдағы өзгерістермен, жаңа дүниелермен байланыстыру;
- ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін білім алушылар үшін қызықты әрі білім беру бағдарламасына қатысты тиімді етіп ұйымдастыру.

Инновациялық оқыту әдістерінің негізінде оқыту үдерісін ұйымдастыру барысында «Storytelling», «Content and Language Integrated Learning (CLIL)», «STEAM» және «Gamification» және түрлі цифрлық оқыту әдістерін қолдана


алмыз. Аталған әдістердің әрқайсысының өзіндік ерекшелігі мен тиімді қолдану тәсілдері бар.

1. *Цифрлық storytelling, яғни әңгімелеу әдісі* – белгілі бір тақырып, білім мазмұнын оқиға, аңыз, көрініс, тарихи дерек не өмірлі жағдаят форматында жеткізуге негізделген инновациялық оқыту тәсілі. Бұл тәсілді ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісінде қолдану тиімділігі жағынан таптырмас тәсіл болып саналады, себебі дәл осы тәсілдің көмегімен білім алушылардың назарын жалпы теориямен ғана емес, мағыналы да әсерлі оқиғамен тақырыпқа аудар аламыз. Әңгімелеу әдісін қолдану барысында білім алушы тек тыңдаушы ретінде ғана емес, сонымен бір таңдалған оқиғаны талдаушы, кейіпкерлер әрекетіне назар салып, баға берушіге айналып, оқиға желісін өз жеке тәжірибесімен салыстыру арқылы жеке көзқарасы мен ұстанымдарын қалыптастырады.

Аталған әңгімелесу әдісін негізге ала отырып, ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін құру арқылы педагог пен білім алушылар мынандай мақсаттарға қол жеткізеді:

- ұлттық құндылықтарды білім алушыларға эмоционалды тұрғыда әсер ету арқылы меңгерту;
- білім алушылардың қиялын, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;
- тарихи және мәдени ақпараттарды қатыстыра отырып, терең білім беру;
- тыңдалым және сөйленім дағдыларын жетілдіру.

Қ. Медет өзінің «Қазақ әнші-ақындары поэзиясы цифрлық әңгімелеу әдісі арқылы оқытудың педагогикалық тиімділігі» мақаласында «Ұлттық құндылықтарымыды, оның ішінде ұлттық мәдени мұрамызды жас ұрпаққа тиімді жеткізу үшін цифрлық әңгімелеу тәрізді мультимедиялық білім беру технологияларын қолдану – білім сапасын арттырудың бір жолы» деп көрсетіп, цифрлық әңгімелеудің құрылымдық-мақсаттық үлгісін төмендегідей сурет ретінде белгілейді (2-сурет) [22, 146].



2-сурет – Цифрлық әңгімелеу технологиясының құрылымдық-мақсаттық үлгісі

Әңгімелеу әдісінің білім беру саласындағы ең тиімді тәсілдерінің бірі болып саналуының басты себебі – ақпаратты тек қана жеткізумен шектелмей, оны мағыналық жағынан контекстке енгізіп, сол арқылы білім алушылардың ой-санасында белгілі бір жүйе ретінде сақтауы. Шетел ғалымдарының зерттеу жұмыстары адамның миы барлық деректі жеке дара күйде емес, белгілі бір оқиға,

жүйе, сюжет не контекст негізінде жылдам және жеңіл қабылдайтыны туралы айтқан. Сөзімізге дәлел ретінде адам миының жұмысы, ақпаратты қабылдауы жайлы жазылған еңбектерден табуға болатын пікірлерді ұсынамыз.

Біріншіден, әңгімелеу әдісі жалпылама теорияны емес, контекст құрып, берілетін ақпаратты сол контекст арқылы түсіндіруде қолданылады. Абстрактілі формада берілген мәліметтерді қабылдау білім алушы үшін қиын болса, оқиға форматында берілген ақпарат визуализацияланып, құрылымданып, меңгеруге жеңіл түрде ұсынылады. Осылайша, ең күрделі не қиын деген тақырыптың өзі білім алушы үшін қабылдауға жеңіл әрі қарапайым форматқа енеді [23]. Екіншіден, әңгімелеу әдісін қолдану кезінде білім алушы, яғни тыңдаушы кейіпкерлермен бірге олардың барлық эмоциялық ерекшеліктерін байқап, олардың іс-әрекетін түсінуге тырысады. Яғни бұл әдіс берілген ақпаратты білім алушылардың эмоциялық әсерін күшейту арқылы жеткізеді. Нәтижесінде ақпарат не когнитивті деңгейде ғана емес, сонымен қатар эмоционалды деңгейде де бекітіледі. Ғылыми деректер белгілі бір эмоциямен байланысты ақпарат білім алушының миында ұзағырақ сақталады. Әрі бұндай ақпаратты миымызда қайта жаңғыртып, еске түсіру де оңай [24]. Үшіншіден, аталған әдіс оқытушы мен білім алушы арасында жақын қарым-қатынас орнауына себеп бола алады. Әңгімелеу барысында адамдар арасында қарым-қатынас бастапқы формасына оралып, аудитория ішінде жайлы атмосфера орнайды. Бұндай атмосфера өз кезегінде оқу үдерісінің еркін, жеңіл жүруіне қолайлы жағдай жасайды [25].

Әңгімелеу әдісі арқылы оқыту барысында тиімді оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін мынандай тәсілдерді пайдалана аламыз:

- мұғалім не білім алушы тарапынан тақырыпты ауызша әңгімелеп, басқаларға жеткізу;
- бастапқыда берілген оқиғаны өз қиялымен жалғастыру;
- кейіпкер атынан сөйлеу не оқиғаны сахналау;
- бейне, аудио форматтағы мультимедиялық әңгімелеу құралдарын қолдану;
- презентация, анимация секілді цифрлық әңгімелеу құралдарын қолдану.

Жоғарыда аталған тәсілдерді сабақ барысына төмендегідей кезеңдер арқылы енгізе аламыз:

1. Оқиға таңдау – ұлттық құндылықтарға қатысты мазмұнды мәтін таңдау;
2. Оқиға мазмұнын құрылымдау – кіріспе, негізгі бөлім, шиеленіс, шиеленіс шешімі бөлімдерін анықтап алу;
3. Әңгімелеу – құрылған оқиғаны дауыс, эмоция, көрнекіліктердің көмегімен тыңдаушыға әсер ететіндей формада жеткізу;
4. Талдау – білім алушылармен бірге оқиға кейіпкерлерінің іс-әрекетін, оқиға желісі мен негізгі идеясын талқылау;
5. Қорытынды – бастапқыда оқиға желісіне негіз болған құндылықтың мәнін анықтау және оны күнделікті өмірмен байланыстыру.

Мысалы, қазақтың батырлары немес белгілі бір салт-дәстүр туралы әңгіме құру тапсырмасы беріледі. Білім алушылар осы тапсырманы орындау арқылы жоғарыда мақсаттарға жету үшін біз көрсеткен тәсілдерді пайдалана отырып:

- батыр, би, ана секілді белгілі бір кейіпкерді таңдайды;
- таңдалған кейіпкердің өмірінде орын алған бір оқиғаны таңдап, оқиғаны өзара әңгімелейді немес сахналайды.

- Таңдалған кейіпкердің өмірінде болып жатқан оқиға не кейіпкердің іс-әрекеті арқылы нақты қандай ұлттық құндылық (тіл мәселесі, үлкенді сыйлау, бірлік, батырлық) көрініс тапқанын анықтап, негізге алады;

- Қойылған көрініс не әңгіме соңында алған білімін, ұсынған идеяларын қазіргі қоғамдағы жағдаймен байланыстырып, қорытынды жасайды.

Қорытындылай келе, цифрлық storytelling әдісі ұлттық құндылықтарды оқытуда берілетін ақпарат не білімді эмоцианалды әсер беріп, есте сақтайтындай жаңашаландыруда қолданылатын тиімді құрал. Аталған тәсіл арқылы білім алушылардың ұлттық құндылықтарға қатысты эмоционалды жақындығы артып, өмірлік ұстанымының негізі ретінде қабылдайды.

2. *Content and Language Intergrated Learning (CLIL)* оқыту инновациялық технологиясы белгілі бір пән мазмұны мен тілді негізгі оқыту құралы ретінде кіріктіре отырып білім беруге негізделген. Аталған технология мазмұны мен құрылымы бойынша қазақ тілін шет тілі ретінде меңгеріп жүрген білім алушылар үшін тиімді. Себебі білім алушылар CLIL оқыту технологиясы негізінде белгілі бір пәндік мазмұнды (тарих, ұлттық құндылықтар, мәдениет) шет тілі (қазақ тілі) арқылы меңгереді, яғни тіл үйрену үдерісі сол елдің мәдениетін, тарихы мен құндылықтарын тану арқылы жүзеге асады. Осылайша тіл үйренушілер өзінің белгілі бір тілде еркін сөйлеп қана қоймай, сол елдің ерекшелігін танып, мәдениетіне сіңісу арқылы сол тілде ойлай бастайды. CLIL технологиясының ғылыми негізін ғалым Д. Марш салып, кейініректе бұл технология Еуропа елдерінің білім беру жүйелерінде кеңінен қолданыла бастады. CLIL технологиясының негізгі екі мақсаты шет тілі арқылы пәнді оқыту және оқытылатын пәндік мазмұны арқылы шет тілін үйрету болса, ұлттық құндылықтарды қазақ тілін шет тілі ретінде меңгеру үдерісі барысында CLIL технологиясын қолдану арқылы мынандай мақсаттарға жетуді көздейміз:

- ұлттық құндылықтарымызды шет тілі (қазақ тілі) арқылы таныстыру;
- тілдік құзыреттілікпен қатар, мәдени құзыреттілікті дамыту;
- пәндік мазмұнды (ұлттық құндылықтар) кең көлемде меңгерту;
- көптілді, түрлі ел мәдениетін танып, қабылдауға ашық тұлға қалыптастыру;
- білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын жетілдіру.

CLIL технологиясының негізгі компоненттері туралы айтылғанда, Еуропа ғалымдары 4C моделін ұсынады.

1. Content (мазмұн) – технологияны оқу үдерісіне кіріктіруге негіз болған пәндік білім (ұлттық құндылықтар).

2. Communication (қарым-қатынас) – тілдік дағдыларды басқа білім алушылармен байланыс құру арқылы дамыту.

3. Cognition (таным) – оқыту үдерісі барысында алынған ақпарат пен білімді ойлау, талдау, салыстыру және салыстыру.

4. Culture (мәдениет) – мәдениетаралық түсінік қалыптастыру.

Қазіргі таңда CLIL шет тілдерін оқытудағы дәстүрлі әдіс-тәсілдерді жаңартып, халықаралық деңгейде кеңінен таралып отырған педагогикалық оқыту технологиясы. Аталған технология тіл мен мазмұнның оқыту үдерісінде туындауы заңды өзара байланысын күшейтіп, білім алушылардың танымдық дағдылары мен белседіліктерін арттыруға мүмкіндік береді. CLIL технологиясының басқа әдіс-тәсілдерден негізгі ерекшелігі оқыту мазмұнына тілдік компоненттерді кіріктіру арқылы білім беру сапасын арттыра алуы болса да, болашақта аталған оқыту технологиясының маңызы одан әрі де арта түседі деп күтілуде. Білім беру үдерісіне жаңа мультимедиа құралдары мен жасанды интеллект технологияларының енгізілуі CLIL технологиясының негізінде оқыту үрдісінің тиімділігін арттырып, білім алушылардың пәндік мазмұн мен тілдік компоненттерді қатар меңгеру мүмкіндіктерін арттырады.

CLIL технологиясының тиімділігін анықтау үшін «Qazline» оқу орталығының негізінде әртүрлі жастағы оқушылармен практикалық сабақ өту арқылы зерттеу жұмысы жүргізілді. Зерттеу жұмысы барысында төмендегідей тәсілдер мен тапсырмалар қолданылды. Аталған оқу орталығында зерттеу жұмысын жүргізуге рұқсат қағазын қосымшада ұсындық (қосымша).

Аталған оқыту технологиясын оқу-тәрбие үдерісіне мына әдістер арқылы интеграциялай аламыз:

- пәндік мазмұнға сәйкес белгілі бір бөлінген тақырыптық сөздікпен жұмыс;
- оқу бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында сурет, видео сияқты түрлі визуалды материалдарды қолдану;
- білім алушылар арасында тығыз әрі пайдалы қарым-қатынас орнатып, коммуникативтік дағдыларды дамыту үшін жұптық және топтық тапсырмалар беру;
- сұрақ-жауап сессияларын өткізу, жинақталған ақпаратты өзге студенттерге таныстырып, рөлдік ойындар көрсету.

Мысалы, педагог білім алушыларға «Қазақтың ұлттық тағамдары» тақырыбында тапсырма берсе, білім алушылар жоғарыда көрсетілген тәсілдерді қолдана отырып:

- ұлттық тағам түрлерін өз тілінде (бірінші тіл) және меңгеріліп жатқан тілде (қазақ тілі) зерттеп, ақпарат жинақтайды;
- жиналған ақпарат негізінде ұлттық тағамдардың әзірлену жолын сипаттайды;
- ұлттық тағамдардың мәдени маңызы мен ұлт танымындағы орнын зерттеп, басқа білім алушыларға түсіндіреді;
- меңгеріліп жатқан тілде (қазақ тілі) ұлттық тағамдар туралы презентация жасап, қорғайды;
- қажет болған жағдайда, аудиторияда басқа білім алушылармен бірігіп рөлдік ойындар не диалогтар құрады.

Сабақ соңында білім алушылар жоғарыда берілген ақпарат пен тәсілдерді пайдалана отырып, төмендегідей қорытынды ой-пікірлерін ұсынуы мүмкін.

- Қазақтың ұлттық тағамдары жай ғана жүрек жалғар ас емес, сонымен қатар қазақ халқының мәдениетін, наным-сенімін, өмір салты мен қажеттіліктерін көрсететін мәдениеттің үлкен бір бөлігі. Ұлттық тағамдар қазақ халқының өмір салты мен қажеттіліктерінің көрінісі деуіміздің себебі қазақтың көшпенді өмір салтымен тікелей байланысты. Отырықшы өмір салтын ұстанатын халық үшін жеңіл тағамдардың, суық климатта өмір сүретін халықтар үшін белгілі бір талаптарға сай келетін тағамдар болатыны секілді, көшпенді қазақ халқы үшін де алыс жолға шыққанда бұзылмай ұзақ уақыт сақталатын құрт, ірімшік, сүзбе сияқты тағамдар, сонымен қатар жиі атпен шауып белсенді өмір салтын ұстанатын адамдар үшін түрлі еттен жасалған тойымды тамақтар болуы заңдылық. Яғни қазақ халқының жылдар бойы қалыптасқан ұлттық тағамдары жай ғана күнделікті рационның бір бөлігі емес, сонымен қатар көшпенді халық ұстанған өмір салтын сақтауға жәрдемдесетін қосымша күш.

CLIL оқыту технологиясын оқу-тәрбие үдерісін құру барысында жоғарыда көрсетілген тәсілдерді интеграциялай отырып қолданудың нәтижесінде білім алушылардың:

- сөйлеу, тыңдау, оқу және жазу секілді тілдік дағдылар қалыптасып, дамиды;
- ұлттық құндылықтар мен мәдениет туралы білімі тереңдей түседі;
- мәдениетаралық коммуникация қабілеті қалыптасады;
- кез келген ақпаратты екі тілде қабылдау, түсіну және жеткізу дағдылары жетіледі;
- көптілді, бәсеге қабілетті тұлға қалыптасады.

CLIL оқыту технологиясы ұлттық құндылықтарды оқытуда меңгерілетін тіл мен пәндік мазмұнды біріктіре отырып, білім алушылардың танымдық қабілеттерін кешенді түрде дамытатын тиімді тәсіл. Осылайша, білім алушылар қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен мәдениетін бірнеше тілде таныстырып, таныта алатын тұлға болып қалыптасады.

3. *STEAM (Science, Technology, Engineering, Art, Mathematics)* – оқу үдерісінне ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы кіріктіре отырып оқытуға оқу үдерісінне ғылым, технология, инженерия, өнер және математиканы кіріктіре отырып оқытуға негізделген инновациялық технология. Бұл технология балаларға әртүрлі пәндердің оқу үдерісіндегі өзара байланысын түсіндіре отырып, алған теориялық ақпаратын толығымен практикада қолдануға мүмкіндік береді. Ұлттық құндылықтарды оқытуда STEAM элементтерін қолдану оқушыларымыз бен студенттерімізге дәстүрлі мәдениетіміз бен қолөнер, ұлттық бұйымдар, ою-өрнек секілді ұлттық құндылықтарымызды замануи және ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. STEAM технологиясының анықтамасы мен теориялық негізін шетелдік ғалымдар Дж. Дьюидің тәжірибелік оқыту туралы және С. Пейпреттің конструктивизм туралы еңбектері арқылы қаланды.

Аталған технологияның басқа да инновациялық технологиялардан мынандай ерекшеліктері бар:

- STEAM технологиясы арқылы бірнеше пәнді біріктіріп оқыту үрдісі жүзеге асады;

- ұлттық құндылықтар мен ұлттық қолөнер элементтерінің мәні мен мазмұнын, сыртқы пішінін талдау барысы басқа ғылым салалары тарапынан талдаумен ұштасады;

- білім алушылар алынған білім нәтижесінде белгілі бір нақты өнім немесе модель жасай алады;

- білім алушылардың логикалық және шығармашылық дағдылары қатар дамиды;

- аудиторияда алынған теориялық білім күнделікті өмір және өзіндік жеке тәжірибемен ұштаса отырып, байланысады.

STEAM технологиясын оқыту үдерісіне кіріктіре оқыту арқылы педагог пен білім алушылар мынандай мақсаттарға қол жеткізе алады:

- ұлттық құндылықтарымыз, өнеріміз бен мәдениетіміздің мәнін ғылыми тұрғыда талдап, түсінеді;

- әртүрлі ғылыми мазмұндық негіздерді кіріктіріп оқыту нәтижесінде пәнаралық байланысты нығайтып, берілетін білім кешенін кеңейту;

- білім алушылардың бойындағы логикалық, инженерлік және шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту;

- білім алушылардың зерттеуші, ізденуші, құрастырушы рөлінде білім алуына жағдай жасау;

STEAM технологиясының көмегімен оқыту кезінде жоғарыда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін төмендегідей тәсілдерді қолдана аламыз:

1. Жобалау және модельдеу.
2. Тақырып бойынша тәжірибе (эксперимент) жүргізу.
3. Тапсырмаларды орындату және талдау.
4. Сабақ үдерісіне сызба, схема және макет секілді визуалды материалды кіріктіру.

5. Дизайн дайындау, жобалау секілді шығармашылық тапсырмалар орындату.

6. Сабақ үдерісін жоспарлап, ұйымдастыру барысында цифрлық құралдарды қолдану.

Мысалы, білім алушыларға «Қазақтың дәстүрлі ою-өрнектері» тақырыбы берілсе, педагог жоғарыда жазылған мақсаттарға жету үшін STEAM элементтерін пайдалана отырып, өз сабағын ою-өрнектердің геометрикалық құрылымын талдау негізінде құрып, ұйымдастыра алады:

- білім алушылар ою-өрнек түрлерін өз бетінше зерттейді;
- ою-өрнектердің симметрия, пропорциялық ерекшеліктерін анықтайды;
- ою-өрнектердің үшбұрыш, шеңбер, төртбұрыш секілді геометриялық фигуралармен байланысын талдайды;

- өз ою-өрнегін құрастырып, цифрлық форматта өңдей алады;

- білім алушылар жасаған жұмыстарының нәтижесін постер немесе макет түрінде жинақтап, басқа білім алушылар алдында қорғайды.

STEAM элементтерін ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісіне кіріктіре отырып оқыту арқылы білім алушылар мен педагог мынандай нәтижелерге жете алады:

- білім алушылардың пәнаралық ойлау, талдау қабілеті дамиды;
- ұлттық құндылықтарымыз бен өнерімізге ғылыми көзқараспен қарай бастайды;
- білім алушылардың шығармашылық және техникалық дағдылары жетіледі;

- зерттеу, талдау және модельдеу секілді қабілеттері қалыптасып, дамиды;

STEAM элементтері ұлттық құндылықтарды оқытуда дәстүр мен ғылымды ұштастырып, білім алушылардың шығармашылық, логикалық әрі зерттеушілік қабілеттерінің қатар дамуына жағдай жасайды. Аталған технология элементтерін оқу үдерісінде пайдалану арқылы білім алушылар ұлттық құндылықтарымызды тұрғыдан және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің аясында ғана зерттеп қоймай, олардың әрқайсысына ғылыми негізде анықтама беріп, талдап, зерттеу арқылы қазіргі заман талаптарына сай қолданып, назарда ұстауды үйретеді.

5. Gamification (геймификация), ойын технологиясы – оқу үдерісіне ойын элементтерін енгізе отырып, білім алушылардың қызығушылығын арттырып, сабақ барысындағы белсенділіктерін жоғарлатуға арналған инновациялық технологиялардың бірі. Аталған тәсіл білім алушыларға оқу тапсырмалары ойын форматында беріліп, өзара бәсекелестік, ынталандыру және жетістікке жетуге деген құлшыныс секілді қасиеттерді дамыту арқылы білім алады. Геймификация технологиясының теориялық негіздерін К. Капп өзінің еңбектерінде құрып кеткен. Ал ойын технологиясын білім беру үдерісінде қолдану туралы алғашқы пікірлер мен педагогикалық еңбектерді К.Д. Ушинский ұсынған. Педагог-ғалымның пікірінше, ойындарды оқу бағдарламасына енгізу арқылы педагог білім алушының таным үдерісіне қатысу белсенділігін арттырыра алады. Ойын барысында білім алушы өз іс-әрекетін ұйымдастырып, өзіне «шағын, жеке әлем» құрап алады. Аталған технологияны жүзеге асыру барысында эмоционалдық компоненттер маңызды рөл атқарады. Себебі эмоционалды тұрғыда қауіпсіз ортада ғана білім алушылар өз ойы мен қиялын, шығармашылық жобаларын еркін іске асыра алады [26, 315].

Ұсынылған технологияны оқу үдерісіне енгізу арқылы мынадай мақсаттарға қол жеткізе аламыз:

- білім алушылардың таным белсенділігін арттырып, оқуға деген құлшынысы деңгейін жоғарлату;
- ұлттық құндылықтарды қызықты формада меңгеру;
- білім алушылардың сабақ барысында белсенділік танытып, өзара әректтесу деңгейінің жоғарлауы;
- берілетін теориялық білімді ойын технологиясы арқылы бекіту.

Ойын технологиясы ұлттық құндылықтарды ғана емес, жалпы мазмұндық тақырыптарды меңгертуде басқа инновациялық технологиялардан а) білім алушылардың мотивациясын арттыру; ә) олардың білім алуға деген қызығушылығы мен сабақ барысындағы белсенділігін арттыру; б) оқу үдерісін жеңіл әрі білім алушы үшін қызықты, тартымды ету; в) білім алушылардың тақырып пен сабақ үдерісімен эмоционалды байланысын арттыру секілді ерекшеліктерін айқындап, көрсете аламыз.

Геймификация технологиясын оқу үдерісіне енгізіп, қолдану арқылы жоғарыда қойылған мақсаттарға жету үшін мынандай тәсілдерді қолдана аламыз:

- викторина форматындағы сұрақ-жауап, топтастыру, дұрыс жұбын табу ойындары;
- тапсырмалар тізбегі арқылы берілген мақсатқа жетуге бағытталған квест тапсырмалары;
- тапсырмалар арқылы ұпай жинап, марапат алу жүйесі;
- деңгейлік тапсырмалар;
- бірнеше кезеңнен тұратын топтық жарыстар.

Жоғарыда берілген осы әдістерді сабақ үдерісіне бірнеше кезеңдерді ұйымдастыру арқылы енгізе аламыз.

1. Мақсат қою – ұйымдастырылатын ойынның форматын оқу мақсатына сәйкес анықтау.

2. Ойын сценарийін құру – таңдалған ойын форматына сәйкес берілетін тапсырмалар мен ойын ережелерін анықтау.

3. Ойын элементтерін енгізу – ұпай жинау, мараптар алу, кезеңдік тапсырмалар.

4. Ойынды өткізу – білім алушылардың белсенді қатысуы.

5. Қорытынды және бағалау – нәтижені талдау.

Мысалы, берілген мақсаттарға жету үшін «Ұлттық дәстүрлер» тақырыбында жоғарыда көрсетілген кезеңдерден тұратын квест сабағын ұйымдастыру үдерісі мына кезеңдерден тұруы мүмкін:

- білім алушылар бірнеше топқа бөлінеді;
- әр бекет/нүктеде ұлттық құндылықтар тақырыбына байланысты тапсырмалар беріледі;
- берілген тапсырмаларды орындау арқылы білім алушылар келесі кезеңге өтеді;
- барлық кезеңнен бірінші болып өткен топ жеңімпаз атанады.

Ойын технологиясын ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісімен біріктіре отырып оқыту арқылы білім алушылар мен педагог мынандай нәтижелерге жете алады:

- білім алушылардың таңдалған тақырыпқа не жалпы пәнге деген қызығушылығы артады;
- ұлттық құндылықтар тақырыбын ойындар арқылы жеңіл форматта меңгереді;
- топпен жұмыс жасау және коммуникация орнату дағдылары қалыптасып, дамиды;
- тез ойланып, тиімді шешім қабылдай алатын болады;
- оқу үдерісіне белсенді ат салыса бастайды.

Геймификация, яғни ойын технологиясын ұлттық құндылықтарды оқыту барысында қолдану оқу үдерісін білім алушылар үшін қызықты әрі нәтижелі етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Аталған технологияның көмегімен білім алушылар ұлттық мәдениетіміз бен ұлттық құндылықтарымызды түрлі қызықтар

ойындар арқылы меңгеріп, жеңіл форматта игеріп, ұзақ уақытқа есінде сақтайтын болады.

Қорытындылап айтқанда, ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңа педагогикалық технологиялардың ғылыми негіздерін талдап, зерттеу бұл технологиялардың білім беру үдерісін жаңартудағы маңыздылығын көрсетеді. Қазір педагогика саласында қолданылып жүрген тұлғалық-бағдарлы, құзыреттілікке негізделген және инновациялық секілді технология түрлері білім алушылардың ақпаратты тек пассивті қабылдаушы ғана емес, белсенді зерттеуші, шығармшылық дағдыларға ие тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасайды. Зерттеу барысында тұлғалық-бағдарлы технологиялар білім алушылардың жеке өмірлік тәжірибесін, қалыптасқан өзіндік ішкі құндылықтары мен рефлексиялық қабілеттерін дамыту арқылы ұлттық құндылықтарымызды өз тәжірибесімен байланыстыра отырып меңгеруіне мүмкіндік беретіні анықталса, құзыреттілікке негізделген технологиялар, өз кезегінде, берілетін теориялық мазмұнды өмірде кездесуі мүмкін жағдаяттармен ұштастыра отырып меңгертіп қана қоймай, практикада қолдануға да барынша жағдай жасай отырпы, білім алушылардың бойында әлеуметтік, коммуникативтің және мәдени құзыреттіліктердің қалыптасуына септігін тигізеді. Ал оқу үдерісінде storytelling, CLIL, STEAM және gamification элементері қосылған инновациялық технологияларды қолдану ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнын жаңартып, аталған үдерісті замануи талаптарға сай байімдейді. Аталған тәсілдер ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін білім алушы үшін интерактивті, ал педагог үшін нәтижелі етіп қана қоймай, білім алушылардың сыни ойлау, зерттеушілік дағдыларын дамытады. Осылайша, берілген ұлттық құндылықтар тақырыбын жаңаша технологиялардың көмегімен меңгеру арқылы, білім алушы білім беру бағдарламасындағы кез-келген мазмұнды өз бетінше зерттеп, саралап, меңгеруге дағдыланады. Жалпы алғанда, ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолдану білім беру мазмұнын білім алушылар мен педагогтар үшін қолдануға ыңғайлы формада жаңартып, теория мен практиканы ұштастыра отырып, оқытуға мүмкіндік береді. Ал жоғарыда зерттеліп, топталған технологиялар ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін жеңілдетіп, білім беру жүйесінің сапасын арттыру үшін маңызды рөлге ие ғылыми-әдіснамалық негізге айналады.


2.3 Ұлттық құндылықтарды оқытудағы жаңаша технологияларды тәжірибелік-эксперименттік қолдану

Ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолданудың тиімділігін анықтау мақсатында бірнеше маңызды кезеңдерден тұратын тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар жүргізілді. Зерттеу жұмысы ғылыми-педагогикалық талаптарға сәйкес кешенді форматта ұйымдастырылып, өзара сабақтаса келетін теориялық және эмпирикалық тәсілдер жүйесіне негізделе отырып жүргізілді. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – ұлттық құндылықтарды оқытуда инновациялық педагогикалық технологияларды

қолдану тиімділігін тәжірибелік тұрғыдан айқындай отырып, білім алушылардың танымдық, мәдени әрі тұлғалық дамуына тигізетін ықпалын анықтау. Оған қоса зерттеуге қатысушыларға сұрақтар қою арқылы сауалнамадан өткізе отырып, олардың ұлттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолданудың маңызы мен өзектілігі туралы ақпарат алу, алынған ақпаратты қолдана отырып, жоғарыда көрсетілген мақсаттарға сай зерттеу жұмысын ұйымдастыру.


Зерттеу жұмысының басында қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін зерттеу барысында бірнеше әдіс-тәсілдерден тұратын зерттеу кешені пайдаланылды. Атап айтсақ, білім алушылардың бастапқы және қорытынды деңгейі мен ой-пікірін анықтап, жинақтау мақсатында кері байланыс жинақталды, ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолдану үдерісінде байқалған, пайда болған өзгерістер мен білім алушылардың танымдық белсенділігін бақылап, зерттеу жүргізу үшін педагогикалық бақылау әдісі қолданылды. Сонымен бірге ұлттық құндылықтар мен ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолданудың маңызы туралы пікірлерді жинақтау үшін сауалнама өткізілді. Зерттеу барысында пәнаралық байланысқа назар салынып, осы төңіректе тәжірибелік эксперимент ұйымдастырылып, алынған нәтижелер негізінде талдау жұмысы жүргізілді. Білім алушылардан алынған кері байланыс олардың оқу материалдарына деген көзқарасын, қызығушылық деңгейі мен тақырыпты түсініп, меңгеру дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді. Аталған әдіс-тәсілдер мен бақылау жұмыстарының бір-бірімен үйлесімді түрде қолданылуы зерттеу нәтижелерінің нақтылығы, сенімділігі мен объективтілігіне оң әсер етті.

Бірінші сауалнамаға қатысты зерттеу базасы ретінде сауалнамадан өтушілерге жасы мен атқаратын қызметіне байланысты шектеу қойылмады. Бұндай шешімге зерттеу жұмысының студенттер, оқушылар, жоғарғы оқу орны мамандары мен түрлі сала қызметкерлері секілді тұлғалардың жауаптары негізінде жан-жақты пікірлерді қамтып, зерттеу аясын кеңейту мақсатында келдік. Зерттеу нысаны ретінде ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін қарастырсақ, зерттеу пәні ретінде ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісінде жаңаша технологияларды қолданудың мәні мен маңызын, мазмұны мен қолдану ерекшеліктері айқындалды. Сауалнама толықтай онлайн әрі анонимді форматта өткізіліп, жалпы саны 43 адам берілген сұрақтарға жауап беріп, өз ойын білдірді. Жоғарыда айтылған сауалнама анонимді түрде өткізілгендіктен, зерттеу ақпараттарын жинап, қорытынды деректер ұсына алуымыз үшін сауалнамадан өтушілердің жасы сұралды. Бұл ақпарат төменде берілген 1-диаграммада берілді.



1-диаграмма – Сауалнамадан өтушілер туралы деректер

Яғни ең көп жауап берген 18-25 жас аралығындағы 11 адам, екінші 18-жасқа дейінгі 9 білім алушы, өзара тең т.скен 16 жоғары буын өкілі және 26-35 жас аралығындағы 7 адам ұсынылған сауалнамадан өткен. Жоғарыда айтқанымыздай, зерттеу жұмысының кешенділі мен жан-жақтылығын сақтау мақсатында сауалнамадан өтушілерге жасы мен атқаратын қызметі тарапынан шектеу қойылмады. Сауалнамадан өткен 43 адам өз қызметін төмендегі 2-диаграммада көрсетілгендей бөліп көрсетті.



2-диаграмма – сауалнамадан өтушілердің әлеуметтік мәртебесі туралы деректер

Ең алдымен біріншілік ақпаратты жинау мақсатында сауалнамадан өтушілерге «Ұлттық құндылықтар ұғымымен таныссыз ба? Таныс болсаңыз, анықтама беріңіз. Ұлттық құндылықтарға нені жатқыза аламыз?» деген сұрақ қойылды. Сұрақтың мақсаты – сауалнамадан өтушілердің берілген тақырып бойынша ақпараттану деңгейін тексеру. Сауалнамадан өтушілер берілген сұрақтарға жауап беріп, ұлттық құндылықтарға мен оның түрлеріне тоқталып берген бірнеше анықтамасын төменде ұсынамыз:

- Иә, таныспын, ұлттық құндылықтар дегеніміз дәстүрлеріміз, ана тіліміз;

- Ұлттық құндылықтарға қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ана тілі, салт-дәстүрі, әдеп-ғұрпы, ділі, өнері мен әдебиеті, тарихы, туған жері, отбасылық тәрбие секілді рухани және материалдық қазынасы жатады;

- Таныспын. Ұлттық құндылықтар дегеніміз халықтың рухани дүниесі, мәдени ерекшелігі, салт-дәстүрі, тілі мен тәрбиелік негізі деп ойлаймын;

- Ұлттық құндылықтар – ғасырлап бойы қалыптасып, бір халықты басқа ұлттардан ерекшелеп тұратын этикалық нормалар жиынтығы;

- Ұлттық құндылықтар – халықтың тарихы, тілі, діні, салт-дәстүрі мен мәдениетін қамтып, ұлттық бірегейлігімізді құрайтын рухани және материалдық қазыналар;

- Иә, ұлттық құндылықтар ұғымымен жақсы таныспын. Ұлттық құндылықтар дегеніміз халықтың тарихы даму барысында қалыптасқан рухани, мәдени және әлеуметтік мұрасы. Оған салт-дәстүрлер, әдеп-ғұрыптар, ана тілі, ұлттық тәрбие, отбасылық құндылықтар, үлкенді құрметтеу, кішіге ізет көрсету сияқты ұстанымдар жатады;

- Ұлттық құндылықтар – белгілі бір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалып отыратын рухани, мәдени, және материалдық ерекшеліктерінің жиынтығы. Бұл дүниелер ұлттың тек өзіне ғана тән бет-бейнесін, болмысын, онымен қоса ішкі бірлігін айқындайтын басты ерекшеліктер;

- Иә, таныспын, тіпті бесікке салу, бата беру, қонақжайлылық, ата-ананы сыйлаудың өзі ұлттық құндылықтарға жатады;


- Иә, таныспын. Оларға тіл, өнер, ұлттық ойындар, киімдер, тағамдар, менталитет, Отанға деген сүйіспеншілік жатады.

Берілген сұраққа жазылған жауаптар негізінде сауалнамадан өтушілердің көп бөлігі ұлттық құндылықтар ұғымы, оның құрамы және мән-маңызымен жақсы таныс екенін көре аламыз. Алайда ары қарай «Ұлттық құндылықтарды білу, түсіну мен оларды оқу үдерісінде кездестіру/қолдану бір нәрсе ме?» деген сұрақ туындайды. Дәл осы жерде сауалнама нәтижелері қызықты, бірақ заңды жауап ұсынады (3-диаграмма).



3-диаграмма – Сауалнамадан өтушілердің ұлттық құндылықтарды қолдану пайызы


«Білім алу/білім беру үдерісінде ұлттық құндылықтарды қаншалықты жиі қолданасыз/кездестіресіз?» деген келесі сұраққа сауалнамадан өтушілердің 48,8 %-ы, яғни шамамен тең жартысы «сирек кездестіремін/қолданамын» деп жауап берсе, 7 %-ы ұлттық құндылықтарды білім беру үдерісінде мүлде қолданбайтынын/кездестірмейтінін айтқан. Шынына келгенде, бұл таңқалатын көрсеткіш емес. Себебі қазір ұлттық құндылықтар тақырыбы жеке мазмұн ретінде жиі ел аузында жүрсе де, білім беру мазмұнының негізінде әлі де тұтастай құрылған бағдарлама, пәнаралық сипат пен толық пәндік мазмұнға ие болған жоқ. Осылайша аталаған мәселенің шешімін диссертациялық жұмысымыздың бірінші тарауында көрсетілген бірізділік мәселесіне әкеліп тірей аламыз. Сондай-ақ сауалнамадан өтушілердің көп бөлігі ұлттық құндылықтардың күнделікті өмірде, білім беру мазмұнында кездестірмесе де, ұлттық құндылықтарды оқытуды оқу үрдісіне енгізудің маңызын жақсы түсінеді. Сөзімізге дәлел ретінде сауалнамадан өтушілердің «Ұлттық құндылықтарды оқу үдерісіне енгізу қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?» сұрағына жауабын ұсынамыз (4-диаграмма).



4-диаграмма – Сауалнамадан өтушілердің ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданудың маңызы туралы жауаптардың пайызы

Көріп отырғанымыздай, ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін жалпы білім беру жүйесіне енгізу маңыздылығын 26 жауап беруші «жоғары/маңызды» деп бағаласа, тағы 14-і «орташа» деп көрсеткен. Осыған дейін де тілге тиек еткенімздей бүгінгідей ұлт пен ұлт, тіл мен тіл, тарих пен тарих тоғысқан жаһандану заманында бізді өзгеден ерекшелеп тұратын ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалып қана қоймай, жаңғыртып, келесі буынға тапсыруымыз үшін ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін жалпы білім беру жүйесінің негізгі бөлігіне айналдыруымыз маңызды. Ал енді осы аталған ұлттық құндылықтарымызды оқытуда қандай кемшіліктерге жол беріп жатырмыз, әлде керісінше қай жағынан жүргізіліп жатқан жұмысты ары қарай жалғастыруымыз керек деген сұраққа жауап алу үшін сауалнамаға қатысушыларға мынандай сұрақ қойылды: «Ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолдану білім алушылардың ұлттық құндылықтарды меңгеруіне әсер ете ме?». Сауалнамадан өтушілердің тобының тең жартысына жуығы (48, 8 %) ұлттық құндылықтарды оқыту барысында заманауи, жаңаша, инновациялық

технологияларды қолдану құндылықтарды меңгеруде «өте тиімді құрал» деп көрсетсе, барлық жауап берушінің ширегінен астамы орташа әсер ететіні жайлы айтқан. Бұл ұлттық құндылықтарды оқытуда заманауи және дәстүрлі тәсілдерді бір-бірімен үйлестіре қолданудың маңызын көрсетіп отыр (5-диаграмма).



5-диаграмма – Сауалнамадан өтушілердің ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологияларды қолданудың маңызы туралы жауаптардың пайызы

Сауалнама соңында диссертациялық жұмысымыздың алғашқы екі тарауында ұсынылған теориялық ақпаратымызды бекіту мақсатында сауалнамадан өтушілерге ұлттық құндылықтарды оқытуда қолдануға ыңғайлы әрі нәтижелі жаңаша технологиялар туралы мынандай сұрақ қойылды: «Ұлттық құндылықтарды оқытуда қандай жаңаша технологияларды қолдану тиімді деп ойлайсыз? Мысалы: ойын технологиясы, оқу үдерісіне басқа пән элементтерін қосу және т.б.» Көрсетілген сұраққа сауалнамадан өтушілердің тарапынан берілген бірнеше жауап нұсқасын ұсынамыз:

- Ойын арқылы оқу қызықты болады, мысалы видео, презентация, түрлі онлайн платформалар қолданылса, жақсы түсінуге көмектеседі;

- Ұлттық құндылықтарды оқытуда практикалық тапсырмалар, бейне және аудио материалдар, кросс-пәндік байланыс, онлайн ресурстар және топтық талқылау әдістері жақсы нәтиже береді;

- Ойын арқылы оқу қызықты болады, мысалы видео, презентация, түрлі онлайн платформалар қолданылса, сабақты жақсырақ түсінер едік;

- Ұлттық құндылықтарды оқытуда практикалық тапсырмалар, аудио, видео материалдар, пәнаралық байланыс, онлайн ресурстар мен топтық жұмыс секілді әдіс-тәсілдер жақсы нәтиже береді;

- Онлайн ресурстар, топтық тапсырмалар;

- Ұлттық құндылықтарды үйретуде басқа пәндермен байланыстыру, ойын элементтерін қолдану, мультимедиа құраалдары, пікірталас пен шығармашылық тапсырмалар тиімді деп ойлаймын;

- Салт-дәстүрлеріміз бен тарихымыздың негізінде құрастырылған квест ойындар, мобильді қосымшалар, интерактивті викториналар секілді қызықты форматтағы дүниелер оқушылардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырады;

- Ұлттық құндылықтарды тек қазақ тілі мен әдебиеті, Қазақстан тарихы секілді пәндерден бөлек, математика, физика секілді жаратылыстану бағытындағы пәндердің оқу бағдарламасына қосу;

- Менің ойымша, ұлттық құндылықтарды ойын, цифрлық технологиялар, жоба жасау, шығармашылық тапсырмалар мен пікір алмасу секілді тәсілдермен оқытқан тиімді;

- Мәдени мұраларымызды оқытуда ойын негізінде құрылған тапсырмалар, жобалап оқыту, аудио және видео материалдар мен интерактивті тапсырмаларды қолдану жақсы нәтиже береді деп ойлаймын;

- Балаларға аңыз-эпсаналар туралы сабақ өткенде сол тақырып бойынша видео, комикс, тіпті подкаст дайындауға болады. Қазір жасанды интелектің мүмкіндіктері көп қой;

- Интернеттегі топтық ойындар күшті, мысалы, кахут;

- Quiziz секілді әртүрлі онлайн ойындар платформасы;

- Ойындар, презентациялардың көмегімен топпен жұмыс жасаған қызық.

Жоғарыда көріп отырғанымыздай, білім алушылар мен педагогтар ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша технологиялар мен инновациялық тәсілдерді қолданудың артықшылығын айқын көріп тұр. Сауалнаманы қорытындыласақ, сауалнама нәтижесі зерттеу жұмысымыздың бастапқы тарауларында ұсынылған теориялық тұжырымдарымызды дәлелдеп қана қоймай, сол тарауларда ұсынылған жаңаша технологияларымыздың ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданудың маңызы мен қажеттілігін көрсетті. Осы тұрғыда ары қарай тәжірибелік форматта дайындалған бірнеше жобамызды ұсына аламыз.

Зерттеу нәтижелері ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісінде бірқатар өзекті мәселенің орын алып жатқанын көрсетті. Солардың бірі – ұлттық құндылықтарды оқытуда бірізділіктің болмауы. Аталған мәселені оқу бағдарламасының әртүрлі түрде құрылып, пәндік мазмұндардың толық әрі нақты құрылымданбауы мен ұлттық құндылықтардың білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай кезең-кезеңмен берілмеуімен сипаттай аламыз. Осындай әлі де шешілмей келе жатқан мәселелердің нәтижесінде білім алушылар ұлттық құндылықтарды фрагментті, яғни бір-бірімен байланыспайтын бөлек бөлшектер түрінде қабылдай бастағаны себепті, білім алушылардың бойында тұтас бір ұлттық дүниетаным қалыптасу үдерісі түрлі қиындықтарға ұшырауы мүмкін. Келесі бір өзекті мәселе – жас ұрпақтың ұлттық құндылықтарды меңгеріп, білуге деген қызығушылығының төмендей бастауы. Жаңа туған шағынан цифрлық ортада есейіп, ес біліп келе жатқан білім алушылар үшін дәстүрлі форматтағы ақпаратпен танысу, жұмыс істеу және зерттеу қызықсыз болып қалады. Бұндай мәселе ұлттық құндылықтардың ғана емес, жалпы кез келген пәндік мазмұнды оқыту әдістерін жаңартып, заман талаптарына сай өзгертуді талап етеді. Осылай ғана ұлттық құндылықтар жалпылама формалды сипатынан арылып, білім алушылар үшін қызық бола бастайды.

Осы тұрғыда жасанды интелект жетістіктерін қолданып, аталған технологияларға ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұнын бейімдеу арқылы білім беру жүйесіндегі үлкен мүмкіндіктерге жол аша аламыз. Зерттеу нәтижелерінің негізіне сүйенсек, жасанды интелект оқу үрдісін жекелендіруге,

білім алушылардың деңгейіне сәйкес оқу материалдарын ұсынуға және оқу үдерісінің интерактивтілігін арттыруға көмек береді. Білім беру саласындағы бұндай жаңашылдықтар жаңа буын, басқаша айтқанда цифрлық буынның кез келген ақпаратты көбіне визуалды және интерактивті форматта ғана қабылдай алуы себепті өте маңызды. Мысалы, білім алушыларға ұлттық дәстүрлерді таныстыру мақсатында әзірленген виртуалды кейіпкер – «Дәстүрлерді таныстырушы әже». Аталған виртуалды кейіпкер білім алушылардың «қалта-көмекшісіне» айналып, оларға қажет болған кезде дәстүрлер мен олардың анықтамасын аз уақытта, қызықты форматта ұсына алады. Ұсынылған веб-сайт жасанды интеллектінің көмегімен Java Script тілінде жазылып, Github платформасында жарияланған. «Дәстүрлерді таныстырушы әже» сайтындағы әженің анимациясы жасанды интеллектіге мынандай тапсырма беру арқылы жасалды: «Дәстүрлі қазақ әжесінің образында жылы жымыып тұрған әженің суретін дайында». Жасанды интеллект қысқа уақыттың ішінде әженің бейнесін жасап береді (3-сурет).



3-сурет – Жасанды интеллектінің көмегімен жасалған әже бейнесі

Содан соң көмекшінің бастапқы нұсқасында болатын 3 түрлі дәстүр таңдалып алынды. Олар – шілдеhana, тұсаукесер, сүйінші. Ашық дереккөздерден осы дәстүрлер туралы қысқаша ақпарат жинаймыз. Мысалы, Зейнеп Ахметованың «Күретапыр» еңбегіндегі ақпараттарға сүйене аламыз.


«Жақсылықтарын жария етіп, қуаныштарын дария етіп жүретін ақкөңіл халқымыздың әдемі бір салты – *шілдеhana*. Жарық дүниеге жаңа адамның келу құрметіне арналған той, сауық-сайран, айналасына қуанышты паш еткен көңіл шашуы. Күткен күні сәтті болып, келін аман-сау босанған соң төңіректегі туыстарға, жекжат-жұрағатқа, көңіл жетер дос-жарандарға сүйіншілеп хабаршылар аттанады» [27, 31].

«... Сондай ұлағаты мол, бала өміріне арналған салттың бірі – «тұсаукесер» деп аталады. Баланың бауырынан табақ алу рәсімінен кейінгі кезеңдерде үйдегі

ересектер сәбиді демей ұстап: «Қаз. Қаз!» – деп еңсесін көтеріп, аяғын тік басып буынын бекітуге көмектесіп үйрете бастайды. Баланың қолтығының астынан жұмсақ орамалды өткізіп, орамалдың екі ұшын жота тұсынан біріктіріп ұстап алға қарай жүруге бейімдейді. ... Осылай біршама дайындықтан өтіп, бала өздігінен аяғын апыл-тапыл басуға дағдыланған кезде тұсауын кеседі. Тұсаукесер салты бір ауылдың кішігірім тойы, қуанышы саналады. Арнайы дастарқан жайылады, кәрі-жас, бала демей, қонақтар жиналады» [27, 83].

«Қазақ салты бойынша жақындарға сүйіншілеп кісі жібермеу өкпе туғызатын мін болып саналған. Сондықтан онсыз да «бір атым насыбайдан көңілі қалатын» бала мінез ағайынның арасындағы ынтымақ-бірлік, сыйластыққа сызат түсірмеу жағы қатты ескерілген екен. Ал сүйінші сұрап, қуаныш жеткізген адамды құрметтеп, сый-сияпат ұсынып, риза етіп қайтарады» [27, 31].


Қажетті ақпараттарды жинап болған соң, әженің дауысын Назарбаев университетінде орналасқан ISSAI дауысты көмекшінің көмегімен дыбыстап алдық. Осылай дауысты жазбаларымызды, мәтіндеріміз бен анимацияларымызды біріктіріп жасанды интелект көмегімен жоғарыда көрсетілген тілде код жазып, жоғарыда берілген сайтқа жүктейміз. Осылайша бізде 4-суреттегідей батырмалар шығады. Әр батырмаға басқанда, «дәстүрлерді таныстырушы әже» сол батырмада жазылған дәстүр туралы айтып береді.



4-сурет – Онлайн көмекшінің батырмалары

Мұндай құралдар ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін тек теориялық білім беру деңгейінен көтеріп, жеке тәжірибелік және эмоционалдық қабылдау деңгейіне жеткізеді. Мұндай құралдар білім алушының ақпарат алуын жеңіл, әрі қызықты форматта болуын қадағалап, білім алушыларды оқыту үдерісін жеңілдетеді.

Осы сияқты білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыра отырып, жаңа нәрсені үйретіп, ұлттық мәдени элементтерді интерактивті түрде меңгеруіне көмектесетін келесі бір жобамыз киіз үй құрастыруды үйрететін чат-бот. Аталған чат-боттың да компьютерлік коды жасанды интелектің көмегімен Python тілінде жазылып, Replit платформасында жарияланды. Білім алушылар киіз үй бөлшектері жайлы сұрақтарға жауап бере отырып, киіз үйдің графикалық кескіндемесін құрап шығады (5-сурет).



5-сурет – Чат-ботпен жасалған жұмыс үлгісі

Білім алушы чат-боттың сұрақтарына жауап бере отырып, қадам-қадаммен киіз үйді толықтай құрап шығады. Жеңіл форматтағы сұрақтар мен киіз үйдің дайын болып жатқанын көрсететін суреттердің арқасында білім алушының бойынша қызығушылық, бәсекелестік пен дайын дүниені көруге ынта секілді сезімдері оянып, тапсырманы орындауды жеңілдетеді. Ал чат-боттың сұрағына қате жауап берген жағдайда, жауап қате деп танылып, тағы бір мүмкіндік ұсынылады. Бұл білім алушының қатемен жұмыс жасап, нәтижесінде тақырыпты жақсырақ есте сақтайды (6-сурет).



6-сурет – Чат-ботта қатемен жұмыс жасау үлгісі

Ал чат-боттың соңында, киіз үйді толық құрағаннан соң экранда шығатын «Киіз үй толығымен құрастырылды! Жарайсың!» деген мақтау сөзі мен дайын киіз үйдің суреті білім алушыны шабыттандырып, ары қарай да ұлттық құндылықтарымызды танып-білуге ынтасын арттырады.

Зерттеу барысында тек қана «дәстүрді таныстырушы әже», киіз үй құрауға көмектесетін инновациялық жобалар емес, сонымен қатар дәстүрлі мазмұнда да тәжірибелік жұмыстар жүргізілді. Ұлттық құндылықтарды пәнаралық байланыс орнату арқылы оқыту тәжірибесіне тоқталсақ, педагогикалық практика өту кезінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті негізінде 26.01-17.04.2026 жж. аралығында В037-2305-24-03, В037-2305-24-01 топ

студенттерімен және В037-2305-23-03 тобының студентімен «Қазіргі қазақ тілі сөзжасамы» пәнінің практикалық сабақтарында тілдік материал ретінде ұлттық құндылықтарымыз, оның ішінде ұлттық дәстүрлеріміз туралы мәтіндер алынып, ескіріп, ұмытылып бара жатқан дәстүрлер, олардың мәні мен маңызы талданды. Сабақ барысында білім алушыларға жазушы Зейнеп Ахметованың «Күретамыр» еңбегінде жинақталған ұлттық құндылықтарымыздың бірі – салт-дәстүрлеріміз туралы мәтіндер берілді [27, 209-210]. Топ студенттері «Шілдехана», «Иткөйлек», «Тымаққа салу» «Тұсаукесер», «Жеті ата», «Сырға той», «Айдар», «Кекіл», «Тұмар» секілді ұмытылып, қолданыстан шығып бара жатқан дәстүрлеріміз жайлы мәтіндерді оқып, мазмұндау арқылы ақпараттарымен алмасып, аталған мәтіндерде кездескен туынды зат есімдерге сөзжасамдық талдау жасады. Қазақ тілі сөзжасамындағы сөзжасамдық талдау мен ұлттық құндылықтар тақырыбын пәнаралық технологияның көмегімен меңгерген білім алушылардың да практикалық сабақ туралы пікірлері оң болды. Сөзімізге дәлел ретінде практикалық сабақ соңында студенттерден жиналған бірнеше кері байланыс үлгілерін ұсындық:

- Сабақ қызықты өтті. Кейбір дәстүрлерімізді расымен де ұмытып бара жатқанымызды байқадық;

- Бір практикалық сабақ барысында бір-бірінен алыс екі тақырыпты меңгере алғанымыз қызық болды. Сөзжасамдық талдау да жасадық, ұлттық дәстүрлеріміз туралы жадымызда сақталған ақпаратты да жаңғырттық;

- Осы сабақтың арқасында бұрын естімеген салт пен ғұрыптарымыз туралы білдім. Қазір көп дәстүріміздің ұмытылып жатқаны рас;

- Өзіме түскен «иткөйлек» туралы мәтін өте қызық әрі көбіміз үшін жаңа ақпарат болды. Кезегім келіп, осы ғұрып туралы оқығаныммен бөліскенімде, топтағы балалар да таңғалды, одан бөлек иткөйлекті «қазақтың пиньятасы» деп атайтын болдық. Шынымен, кейде шетелге қызығып жатамыз. Бірақ өзімізде де шетелдіктер қызығатындай дүниелер толып жатыр.

Педагогикалық практика барысында Наурыз мерекесі қарсаңында ұлттық құндылықтарды меңгертуге бағытталған ашық тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Ашық тәрбие сағаты Филология факультетінің конференц-залында 8D02305 – «Филология» білім беру бағдарламасының 2-курс докторанты С.Е.Сүгірова, 7M01717 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының 2-курс магистранты Н.Ергешбай, В016-1717-24-01, В016-1717-24-03 топ студенттерінің, топ кураторы, Қазақ тіл білімі кафедрасының доценті м.а., ф.ғ.к. С.С. Шокабаеваның ұйымдастыруымен өткізілді (9-сурет).

«Наурыз – жыл басы» атты ашық тәрбие сағатының мақсаты іс-шараға қатысқан білім алушылардың ұлттық құндылықтар туралы білімін жетілдіру, салт-дәстүрлеріміз бен түрлі әдеп-ғұрыптарымызбен таныстыру болды. Ашық тәрбие сағаты барысында студенттер Наурыз мерекесі, әдеп-ғұрыптар мен мәдениетіміз туралы сұрақтарға жауап беріп, салт-дәстүрлерімізді сахналап көрсетті. Мерекелік ашық тәрбие сағатында студенттер «қол күресі», «асық ату» секілді ұлттық ойындарды да ойнады (7-сурет).

Ашық тәрбие сағатының соңында студенттер өткізілген іс-шара туралы өз пікірлерін білдірді.

- Ашық тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті. Наурыз мерекесінде бұрын орындалған, қазір ұмытылып кеткен түрлі ғұрыптарымыз туралы білдік;

- Ұлттық ойындарымызды ойнап, ән-би орындап, ұлттық мерекеміздің ғажайып атмосферасын сезіне алдық;

- Маған сұрақ-жауап қызық болды. Себебі сұрақтарда кездескен кейбір дәстүрлерімізді бұрын естімеген екенмін. Қазақтың әр салты өз ретімен, қажеттілігімен орындайтыны керемет.

- Ашық тәрбие сағатын ұйымдастыру кезінде бұл да ресми іс-шаралардың бірі ғана болады деп ойладым. Алайда басқа студенттермен түрлі ұлттық ойындарымызды ойнап, ән салып, би билеп өткізген бұл іс-шарамыз нағыз Наурыз мерекесінің атмосферасын сезіндіргендей болды;


- Өткен іс-шара өте қызықты өтті, маған дәстүрлеріміздің сахналануы ерекше ұнады. Шашу шашқан қыздар, сүйінші сұрап, тұсаукесер тойын тойлаған кейіпкерлер ерекше әсер қалдырды;

- Ашық тәрбие сағаты жоғары деңгейде өтті деп айта аламын. Тәрбие сағаты барысында мереке атмосферасын сезіндіретін ән де, би, де, қойылым да болды.



7-сурет – Іс-шара туралы толық ақпарат

Пәнаралық байланыс технологиясын практикалық сабақта қолдану жайлы тағы бір мысал – ұлттық дәстүрлерімізді математика сабағының мазмұнымен байланыстыру. Аталған тәсілді жүзеге асыру үшін «EduGames.Uz» сайтындағы «Арқан тартыс» ойынының онлайн симуляторын пайдалана аламыз (8-сурет). Екі топқа бөлінген немесе жұптық жұмыс жасауы қажет білім алушылар математикалық есептерді шешу арқылы арқанды өз жағына тартады. Ортадағы барлық түркі халқына ортақ ұлттық ойынның иллюстрациясы мен жарыс барысында ойнап тұратын ұлттық әуен білім алушыларға ұлттық құндылықтарымызды жеңіл форматта таныстырып, қызығушылығын оятады.



8-сурет – «Арқан тартыс» симуляторы

Осылайша, ұсынылған технологиялар ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін жеңілдетіп, білім алушыларға жалпы теориялық білім беріп қана қоймай, меңгерілуі керек мазмұнды білім алушылардың оқу бағдарламасымен тығыз байланыстырады.

Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері ұлттық құндылықтарды оқытуда жаңаша педагогикалық технологияларды қолданудың тиімділігін дәлелдеді. Зерттеу барысында алынған деректерді талдау арқылы білім алушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығының артқанын көрсетті. Атап айтар болсақ, оқушылардың ұлттық мәдениет, ұлттық құндылықтар туралы білім деңгейі жоғарылап, олардың оқу үдерісіне белсенді қатыса бастағаны байқалды. Сонымен бірге шығармашылық тапсырмалар мен интерактивті әдістерді қолдану арқылы білім алушылардың сыни ойлау, мәселені талдау, өз пікірін дәлелдеу дағдыларының дамуы байқалды. Цифрлық құралдардың, оның ішінде чат боттың тиімділігі ерекше байқалды. Ол білім алушылардың оқу материалдарына деген қызығушылықтарын арттырып, күрделі мазмұнды тақырыптарды жеңілрек қабылдауға мүмкіндік берді. Ал «дәстүрді таныстырушы әже» жобасы ұлттық құндылықтарды еркін меңгеру үшін жағдай жасап қана қоймай, оларды кез келген кезде қайталап, еске түсіруге мүмкіндік берді. Сауалнама нәтижелері зерттеу жұмысымызға септігін тигізді.

Бүгінгідей жаһандану заманында ұлттық құндылықтарымызды сақтап қана қоймай, келер ұрпаққа табыстағымыз келсе, білім алушыларымызға ұлттық мәдениетіміздің мәні мен маңызын ұғындырып, оларды меңгеріп, күнделікті өмірінің бір бөлігіне айналдыруға деген қызығушылығын арттыруымыз қажет. Ол үшін ұлттық құндылықтарымызды жаңаша технологияларды қолдана отырып оқыту өте маңызды. Біз ұсынған «Дәстүрлерді таныстырушы әже» және білім алушыларға онлайн режимде киіз үй құруды үйрететін чат-боттарымыз секілді жобалар замануи білім беру жүйелерінің талаптарына сай білім алушылардың этно-мәдени құзыреттілігін арттыруға септігін тигізеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жаһандану үдерісінің қарқынды дамуына байланысты қазіргі білім беру жүйесінде ұлттық құндылықтарды оқыту мәселесі толастамай, керісінше оқу бағдарламасының негізгі зерттеу және дамыту бағытына айналып отыр. Ұсынылған зерттеу жұмысының нәтижелері ұлттық құндылықтарымыз сияқты мәдени мұраларды сақтап, келешек ұрпаққа насихаттау үдерісін тек теориялық білім беру шеңберінде ғана емес, технологиялық әрі әдіснамалық кешенін жаңғырту арқылы дамытудың маңызын көрсетті. Яғни білім алушылардың бойына ұлттық тәрбиені сіңіре алу педагогикалық құндылықтарымызды зерттеп, теориялық мазмұнын оқыту арқылы ғана емес, сол оқу мазмұнын білім алушыларға қызықты болатын форматта ұсыну үшін қажетті оқыту технологияларын таңдай алуына да байланысты.

Зерттеу жұмысының келесі бір маңызды бөлігі – ұлттық құндылықтарды оқытуда қолданылатын инновациялық технологиялар. Storytelling, CLIL, STEAM элементтері мен Gamification секілді әдістер ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісін жаңартып, білім алушылардың таным белсенділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Ал ұлттық құндылықтарды оқытуда пәнаралық байланыс орнату немесе цифрлық технологияларды қолдану біздің салт-дәстүріміз, тіліміз бен діліміз, мәдени ерекшелігіміз жай кітап беттерінен оқитын ақпарат емес, күнделікті өміріміздің үлкен бір бөлігі екенін еске салады. Инновациялық технологиялар кез келген пәннің мазмұны мен формасын біріктіріп, берілген білімнің білім алушылардың санасында тұрақтауын қамтамасыз етеді.

Зерттеу жұмысының эксперименттік бөлімінде оған дейін ұсынылған теориялық тұжырымдар тексерістен өтті. Зерттеу жұмысы барысында сауалнама, педагогикалық бақылау секілді зерттеу тәсілдері қолданылып, интерактивті ашық сабақтар, киіз үйдің бөлшектерімен таныстыратын чат-бот, «Дәстүрлерді таныстырушы әже» цифрлық көмекші мен ұлттық ойындар симуляторлары білім алушылар тарапынан сынақтан өткізілді. Аталған технологиялар білім алушылардың оқу үдерісіне қатысу белсенділігін арттырып, ұлттық құндылықтарды түрлі көрнекіліктердің көмегімен меңгеруіне жол ашты.

Зерттеу жұмысының нәтижесін талдау жұмысы ұсынылған көрсеткіштер арасында айтарлықтар айырмашылық бар екенін көре аламыз. Ұсынылған жаңаша технологиялар мен жобаларды эксперименттік форматта қолдану нәтижесінде білім алушылардың ұлттық құндылықтарымызға қатысты оқу материалдарын түсіну, қабылдау деңгейі жоғарылап, қызығушылықтары арта түсті. Онымен қоса сыни ойлау, топта жұмыс жасау, шығармашылық ойлау сынды дағдылары да дами түсті. Инновациялық технологиялардың берілетін теориялық ақпаратты «түсіну және қабылдау» деңгейінен «қолдану және бейімдеу» деңгейіне көтеруге әсер ететінін көре

аламыз. Яғни ұсынылған педагогикалық технологиялардың тиімділігі ғылыми тұрғыдан негізделіп, практикалық жағынан да зерттелді.

Қорытындылап айтқанда, ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісіне жаңаша инновациялық педагогикалық технологияларды белгілі бір жүйелі, нақты анықталған мақсатты, ғылыми негізделген формада енгізу – білім беру жүйесінің сапасын жақсартудағы негізгі фактор. Бұндай технологиялар ұлттық құндылықтарды оқыту мазмұны мен жүйесін жаңартып, білім алушылардың бойындағы ұлттық сана-сезім, азаматтық жауапкершілік секілді дағдыларын дамытып, жаһандану заманында бәсекеге қабілетті тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Ұсынылған зерттеу жұмысы ұлттық тәрбие негізінде білім беру саласына қатысты жүргізілетін ғылыми жұмыстарға теориялық және практикалық тұрғыдан негіз бола алады.

ИП Еселбаева
ИИН 940915451556
E-mail: qaztilionline@gmail.com
Тел.: +7(778) 548 2744
Сайт: www.qazline.ru

ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫЙ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬ
ЖҰКЕ АӨСПІНЕР
94091541556
Еселбегва Нұрболатқызы
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРНАУЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ АГЕНТТІГІ

Күні: «30» қазан 2025 ж.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Райымбекова М. Ұлттық құндылықтар: кеше және бүгін [Электрон. ресурс]. – URL.: <https://qazaqadebiati.kz/43464/lt-ty-ndyly-tar-keshe-zh-ne-b-gin> (қаралды: 23.10.2025).
2. Ғаббасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: «Әл-Фараби», 1995. – 465 б.
3. Бичева И.Б., Хижная А.В., Сундеева М.О. Особенности формирования самостоятельности как качества педагога новатора. *Economic Consultant*, № 1 (21), 2018. – С. 32-35.
4. Мусина М. Құзыреттілік – жаңартылған білім беру аясындағы рөлі [Электрон. ресурс]. – URL.: <https://eduindex.kz/pedagogical-work/1880-zyrettilik-zhaartylan-bilim-beru-ajasynday-rli.html> (қаралды: 30.10.2025).
5. Биекенов К., Садырова М. Әлеуметтанудың түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2007. – 344 б.
6. Кон И.С. Психология самосознания. – Самара: «Бахрам-м», 2000. – 672 с.
7. Искакова П.К., Зубайраева З.А. Жеткіншек жастағы балалардың құндылық бағдарларын қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдері. // Яссауи университетің хабаршысы. № 3 (125), 2022. – Б. 176-187.
8. Волков Г.Н. Чувашская народная педагогика. – Чебоксары: «Чувашгоиздат», 1958. – 264 с.
9. Волков Г.Н. Этнопедагогика. – Москва: «Академия», 2000. – 176 с.
10. Сәдуақасұлы Ә.С. Қазақ этнопсихологиясы мен этнопедагогикасының кейбір мәселелері. – Алматы: «Дайыр баспа», 2012. – 306 б.
11. Құрбанқұлова Г.Т., Стамбеков А.С. Болашақ бастауыш білім педагогтерін оқушыларды ұлттық құндылыққа баулуға даярлаудың әддіснамалық тұғырлары мен ұстанымдары. // ҚР ҰҒА Хабаршысы. «Педагогика» сериясы, № 2 (414), 2025. – Б. 208-224.
12. Ордабеков Х.А., Бекмұқамет А. А. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы ұлттық құндылықтардың рөлі. // SDU University Хабаршысы. «Педагогика және оқыту әдістемесі» сериясы, № 1 (52), 2020. – Б. 76-81.
13. Ырымбаева Н.А. Студенттерді медиабілім үдерісінде даярлаудағы тұлғалық-бағдарлы тұғырдың рөлі // Dulaty University Хабаршысы, № 3, 2023. – Б. 70-78.
14. DeBettencourt L.U., Nagro S.A. Tracking special education teacher candidates' reflective practices over time. // *Remedial and Special Education*. – 2019. – Vol. 40. – P. 277-288. – URL.: <https://doi.org/10.1177/0741932518762573>
15. Georgiadi M., Papazafiri M. Preparing future special education teachers: Emphasis on reflection as an inclusive practice. // *Trends in Higher Education*. – 2025. – Vol. 4. – P. 1-14. – URL.: <https://doi.org/10.1186/s12909-024-06401-2>
16. Кунанбаева С.С. Концептуалогические основы когнитивной лингвистики в становлении полиязычной личности. – Алматы: «Полилингва», 2017. – 263 с.

17. Мурзагулов М. Ынтымақтастық педагогикасының студенттердің тұлғалық дамуындағы рөлі. // ҚазҰУ хабаршысы. «Педагогика» сериясы, № 3 (60), 2019. – Б. 100-108.
18. Жақсыбекова Ж. Оқытудағы құзыреттілік ұғымы. [Электрон. ресурс]. URL.: https://www.rusnauka.com/20_NPRT_2015/Pedagogica/5_196712.doc.htm (қаралды: 02.01.2026).
19. Адонина, Н. П. Кейс-стади: история и современность. // Высшее образование сегодня. – № 11, 2012. – С. 43-48.
20. Османова З., Сейсенбаева Ж. Жобалап оқыту технологиясының ғылыми негізі // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы, № 1 (75), 2021. – Б. 351-355.
21. Қабылбекова З.Б., Тюмебаева Ф.П. Оқытудың инновациялық технологияларын оқу-тәрбие үрдісіне енгізу мәселесі // Оңтүстік Қазақстан Ғылым Жаршысы, № 3 (11), 2020. – Б. 81-84.
22. Кондыбай М., Абдиманулы О. Қазақ әнші-ақындары поэзиясын цифрлық әңгімелеу әдісі арқылы оқытудың педагогикалық тиімділігі // І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің хабаршысы, № 3 (116), 2025. – Б. 144-160.
23. Richard W. Cho, Lauren K. Buhl, Dina Volfson, Adrienne Tran, Feng Li, Yulia Akbergenova, J. Troy Littleton. Phosphorylation of Complexin by PKA Regulates Activity-Dependent Spontaneous Neurotransmitter Release and Structural Synaptic Plasticity. Neuron – 2015. – № 88 (4). P. 749-761. DOI: <http://dx.doi.org/10.1016/j.neuron.2015.10.011>
24. Paul J. Zak. Why Your Brain Loves Good Storytelling. [Electron. resource] – URL.: <https://hbr.org/2014/10/why-your-brain-loves-good-storytelling> (reviewed: 20.03.2026)
25. Duncan R. D. Tap the Power of Storytelling. [Electron. resource] – URL.: <https://www.forbes.com/sites/rodgerdeanduncan/2014/01/04/tap-the-power-of-storytelling/?sh=190a573e614a> (reviewed: 20.03.2026)
26. Варенина Л. П. (2014). Геймификация в образовании. Историческая и социально-образовательная мысль. Серия «Образование и педагогические науки», № 6 (6), 2014. – С. 314-317.
27. Ахметова З. Күретамыр. – Алматы: «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2018. – 208 б.
28. Бахтиярова Г.Р., Гелишли Ю., Изтлеуова С. Ш. Ұлттық құндылықтар негізінде болашақ мамандардың коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру // Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Хабаршысы. «Педагогика» сериясы, №4 (78), 2024. – Б. 102-109.
29. Кажигул Д. А., Есенова М. И. Математиканы ұлттық құндылықтар негізінде оқыту. // In The World Of Science and Education. Pedagogical sciences, №15, 2025. – Б. 64-68.
30. Таирова Б. Л. Қазіргі мәдени тенденциялар мен ұлттық құндылықтар: жаһанданудың мәдени бірегейлікке әсері. // Dulaty University Хабаршысы, №2, 2025. – Б. 117-124.

31. Абай және рухани мұра: Халықаралық онлайн конференцияның материалдары // Жауапты ред. Ү.Д. Мұңалбаева. – Нұр-Сұлтан [б.о.ж], 2020. – 139 б.

32. Әлімақын Д. Ұлттық құндылықтар – тәрбиенің төресі. [Электронды ресурс]. – URL.: <https://egemen.kz/article/376713-ulttyq-qundylyqtar-%E2%80%93-tarbiieninh-toresi> (қаралды: 18.04.2026).

33. Болбас В. С. Этнопедагогика в контексте развития современной педагогической науки // Непрерывное образование: XXI век, №3 (43), 2023. – С. 43-51.

34. Эркенова А. Б. Этнопедагогика и ее роль в воспитании подрастающего поколения // Проблемы современного педагогического образования, № 85 (3), 2024. – С. 388-391.

35. Жүзеев С. Ә., Мошқалов А. К., Жайлауова М. К. Қазақстандық студенттердің дәстүрлерлі және инновациялық құндылықтар трансформациясы: этнопедагогикалық талдау. // Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы, №4 (149), 2024. – Б.142-159.

36. Сарқанбаев Г. Жаңартылған білім беру жағдайындағы болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығы // Абылай Хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы, № 1 (64), 2022. – Б. 182-192.

37. Ә. Дүйсенбек. Ұлттық құндылықтар жүйесі – мемлекеттік идеялогияның өзегі. [Электрон. ресурс]. – URL.: <https://kazgazeta.kz/news/145982> (қаралды: 18.04.2026).

38. Алметов Н. Ш. Воспитание цифрового поколения школьников: этнопедагогический подход // QAZAQTANY. Серия «Педагогические науки», №4 (16), 2022. – С. 170-179.

39. Нурпейсова Н. Т., Сабирдинова С. Ә. CLIL әдістемесінің мазмұны // Филологический аспект, № 5 (49), 2019. – С. 194-198.

40. Машрапова А. С. Использование методики CLIL на уроках со вторым языком обучения // Молодой ученый, № 18 (1), 2017. – С. 48-51.

	«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕ АҚ	БЕТ 1 ден 1
---	--	---

Дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба туралы ақпарат			
Оқу жылы:	2025 - 2026	Факультеті:	Филология
Мамандығы:	M017	Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау	
	(шифрі)		(атауы)
Ғылыми жетекшісі:	Шокабаева Салтанат Сагатовна		
	(толық Т.А.Ә.)		
Бітіруші:	Ергешбай Нұрайша Бақытжанқызы		
	(толық Т.А.Ә.)		
Оқу тілі:	Қазақ тілі	Жұмыстың жазылған негізгі тілі:	Қазақ тілі
Жұмыстың тақырыбы:	Ұлттық құндылықтарды оқытудың жаңаша технологиялары		
Жұмыстың түрі:	Магистрлік диссертация		
	(дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба)		

Анықтама берген күн: 30.04.2026



4150437436